Сақбаева Ақерке Құрманалқызы (корресподент-автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, email: akerke-94@mail.ru).

Жорабек Жұлдыз Ғайфұрқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, email: 00077-94@mail.ru).

Бәйтеннова Нағима Жаулыбайқызы – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, email: zhanat52@mail.ru).

Information about authors:

Sakbaeva Akerke Kurmanalkyzy (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akerke-94@mail.ru).

Zhorabek Zhuldyz Gaifurkyzy – PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: 00077-94@mail.ru).

Baitenova Nagima Zhaulybaykyzy – Doctor of Philosophical Sciences, Professor of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: zhanat52@mail.ru).

Поступило 8 ноября 2024 г.

Принято 20 марта 2025 г.

А. Адайхан^{1*}, Қ. Затов¹, С. Абжалов²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

*e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru

ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕР: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Бұл зерттеуде адамның діни сенімдерін, көзқарастарын және мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастырудағы психологиялық себептер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – діни бірегейліктің қалыптасуын ықпал ететін психологиялық факторларды зерттеу және олардың өзара байланысын талдау. Жұмыс діни, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан діни бірегейліктің негіздерін ашуға арналған. Психологиялық теориялар мен концепцияларды қолдану арқылы діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін негізгі себептер мен факторлар жүйелі түрде талданды. Талдау нәтижелері діни бірегейліктің жеке тұлғалық дамуға, әлеуметтік өзара әрекетке қалай ықпал ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық негізі ретінде жеке тұлғаның психологиясы, даму психологиясы және әлеуметтік психологияның принциптері алынды. Діни бірегейліктің қалыптасуында адамның сенім жүйелері, эмоциялар, әлеуметтік байланыстар мен мәдени ықпалдар қарастырылды. Діни сенімдер мен құндылықтардың адамның тұлғалық дамуына, мінез-құлқына және қоғамдағы орнына қалай әсер ететіні талданды. Діни бірегейліктің психологиялық аспектілерін қарастыру барысында, адамның өмірлік тәжірибесі мен діни сенімдерге деген көзқарасының маңыздылығы зерттелді. Діни бірегейліктің әлеуметтік және мәдени аспектілеріне де талдау жасалды. Өйткені діни сенімдер адамның қоғамдағы рөліне, әлеуметтік қатынастарына және мәдени көзқарастарына елеулі ықпал етеді. Бұл зерттеу жұмысы діни бірегейліктің психологиялық тұрғыдан қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар мен себептерді түсінуге мүмкіндік беріп, діни сенімдер мен тұлғалық дамудың өзара байланысын тереңірек зерттеуге үлес қосады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері психология мен діни зерттеулер арасындағы өзара ықпалдастықты нығайтуға, діни бірегейліктің қалыптасуына қатысты қазіргі заманғы психологиялық теориялардың жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дін, діни бірегейлік, психология, тұлға, қоғам.

A. Adaikhan^{1*}, K. Zatov¹, S. Abzhalov²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

*e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru

Psychological factors influencing the religious identity formation: a theoretical analysis

This study examines the psychological factors involved in the formation of a person's religious beliefs, attitudes, and behavioral characteristics. The aim of the research is to investigate the psychological factors that influence the formation of religious identity and analyze their interconnections. The work is aimed at revealing the foundations of religious identity from religious, psychological, and social perspectives. Using psychological theories and concepts, it systematically analyzes the main reasons and factors affecting the development of religious identity. The results of the analysis provide an understanding of how religious identity influences personal development and social interactions. The theoretical basis of the study is grounded in the principles of personality psychology, developmental psychology, and social psychology. It considers the individual's belief systems, emotions, social connections, and cultural influences in the formation of religious identity. The study also analyzes how religious beliefs and values affect a person's personal development, behavior, and their place in society. During the examination of the psychological aspects of religious identity, the significance of life experience and the individual's attitude toward religious beliefs are explored. The social and cultural aspects of religious identity are also analyzed, as religious beliefs have a significant impact on one's role in society, social relationships, and cultural perspectives. This research provides an opportunity to understand the key factors and reasons influencing the psychological formation of religious identity, contributing to a deeper exploration of the

relationship between religious beliefs and personal development. Furthermore, the results of the study will enhance the interaction between psychology and religious studies and open new perspectives in contemporary psychological theories related to the formation of religious identity.

Key words: religion, religious identity, psychology, personality, society.

А. Адайхан^{1*}, К. Затов¹, С. Абжалов²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

*e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru

Психологические причины формирования религиозной идентичности: теоретический анализ

Это исследование рассматривает психологические факторы, которые влияют на формирование религиозных убеждений, взглядов и особенностей поведения человека. Цель исследования – изучить психологические факторы, влияющие на формирование религиозной идентичности, и проанализировать их взаимосвязь. Работа направлена на раскрытие основ религиозной идентичности с религиозной, психологической и социальной точки зрения. Используя психологические теории и концепции, исследуется и систематически анализируется влияние основных причин и факторов на формирование религиозной идентичности. Результаты анализа позволяют понять, как религиозная идентичность влияет на личностное развитие и социальное взаимодействие. Теоретической основой исследования являются принципы психологии личности, психологии развития и социальной психологии. Рассматриваются системы убеждений человека, его эмоции, социальные связи и культурные влияния в контексте формирования религиозной идентичности. Также анализируется, как религиозные убеждения и ценности влияют на личностное развитие человека, его поведение и его место в обществе. В процессе изучения психологических аспектов религиозной идентичности исследуется значение жизненного опыта и отношения человека к религиозным убеждениям. Также анализируются социальные и культурные аспекты религиозной идентичности, поскольку религиозные убеждения оказывают значительное влияние на роль человека в обществе, социальные отношения и культурные взгляды. Это исследование дает возможность понять ключевые факторы и причины, влияющие на психологическое формирование религиозной идентичности, и способствует более глубокому изучению взаимосвязи между религиозными убеждениями и личностным развитием. Кроме того, результаты исследования способствуют укреплению взаимодействия между психологией и религиозными исследованиями и открывают новые перспективы для современных психологических теорий, связанных с формированием религиозной идентичности.

Ключевые слова: религия, религиозная идентичность, психология, личность, общество.

Кіріспе

Діни бірегейлік – тұлғаның өзін белгілі бір діни сеніммен, қауымдастықпен немесе құндылықтар жүйесімен сәйкестендіруі. Бұл психологиялық қажеттілік адамның рухани және әлеуметтік негізі болып саналады. Ұжымдасу, әлеуметтік ережелер, әдеттер мен нормалар, рухани құндылықтар бірегейліктің негізгі алғышарттары. Бұл жекелеген адамдардан бастап, топтық санаға дейін жүзеге асатын реттеуші процесс. Мәдени нормалар мен мінез-құлық ерекшеліктері ортақ тіл мен діни сана әлеуметтік бірегейлікті қалыптастырады. Бұл индивидтің өзіндік «менін» анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде, жаһандану дәуірінде діни бірегейлік терең зерттеуді қажет етіп отыр. Діни бірегейлік – тұлғаның өзін белгілі бір дінмен, діни құндылықтармен және мәдени-әлеуметтік нормалар-

мен сәйкестендіруі. Тұлғаның өзін тануы мен қоғамда орнын анықтауда діннің рөлі ерекше. Ол адамның сенімі мен моральдық принциптеріне негізделеді. Діни бірегейлік жеке тұлғаның мінез құлқына әсер етіп, ережелер мен нормалар ұсынады. Дін – өмірге мән беру, қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ету мен әлеуметтік байланыстарды нығайту құралы қызметін атқарып келеді. Бұл адамның әлеуметтік-мәдени кеңістікте өзіндік орнының болуы мен қоршаған ортада белгілі бір топқа тиістілігін көрсетеді. ХХІ ғасырдағы жаһандану кезеңінде мәдени әртүрлілік пен қоғамдағы тұрақсыздық діни бірегейлікті зерттеудің өзектілігін көрсетуде.

Бірегейлік концепциясын Э.Эриксон алғашқылардың бірі болып зерттеді. Ол тұлғаның бірегейлігін қоғамдағы әртүрлі рөлдер мен нормаларды өзімен байланыстыру, сәйкестендіру қабілеті деп санады. Мәдени-әлеуметтік және

діни көзқарастарды үйлестіру арқылы адамның бойында бірегейлік түсінігі пайда болады. Діни бірегейлік діни сананың қалыптасуымен байланысты. Көп жағдайда дін туралы түсінікті тұлға өзінің отбасынан алады. Э. Эриксон жастық шақ рухани құндылықтармен танысуға, белгілі бір дінді қабылдауға өте қолайлы кезең деп санайды. Жасөспірім шақтағы өтпелі кезеңдерде діни құндылықтар психологиялық тірек бола алады. Себебі дін – тұрақтылық пен тиістілік сезімін сыйлайды. Діни рәміздер эмоциялық күйзеліс, жалғыздық және өмірден мән жоғалту секілді қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Сондай-ақ ішкі «менін» қалыптастыруға да ықпал етеді (Erikson, 1994: 11).

Дін – тұлғаның өміріне мағына мен мақсат беріп, күйзеліс, жалғызсырау сезімдерінен арылуға көмектеседі. Дін мен психология рухани болмыспен байланысты болғандықтан адам өмірінде елеулі із қалдырады. Бұл құбылыс алғашқы діни сенімдерден басталып, әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан маңызды феномен. Өмірден мағына көру, қоғамда өзіндік орны бар екенін білу, түсіну тұлғаны психологиялық тұтас етеді. Бұл тұтастықты сезінуде бірегейліктің орны ерекше.

Діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін психологиялық себептердің бірі – өмірден мән іздеу. Логотерапия теориясы адам өмірінің мәнге толы болуы өзін тұтас сезінуге әсер етеді дейді. Бұл идея діни бірегейліктің психологиялық себебін түсінуге ықпал етеді. Өмірден мән іздеу мен оны табу қоғамның толық мүшесі болуға итермелейді. Адамның өзін белгілі бір діни сеніммен байланыстыруы, сәйкестендіруі өмірлік мақсаттарды анықтап, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Дін адамның рухани ізденістеріне жауап беріп, тұлғалық жетілуіне әсер етеді. Адам өмірден мән таба алмаса экзистенциалды вакуум (іштегі бостық сезімі) пайда болады. Бұл депрессия мен суицид әрекеттеріне әкеліп соғуы мүмкін. Дін осындай қиындықтардан шығуға көмектесіп, тұлғаға сенім, үміт пен қолдау береді. Яғни қиындықтарды жеңу құралына айналады. Әртүрлі діни топтар мен қауымдастықтарға мүше болу жалғыздық сезімінен арылуға көмектеседі. В.Франклдың ойынша, дін тек сенім жүйесі ғана емес, психологиялық және экзистенциалдық қажеттілікті өтеуші құрал. Ол белгілі бір дінмен шектелмей дінді жалпы адамзаттың рухани ізденісі деп санайды. Адам баласының психикасы үшке бөлінеді: дене, психика және рух. Осылардың ішінде рух жоғарғы

күшпен байланыстырушы, адам баласының көзге көрінбейтін маңызды бөлшегі. Рух – жоғары құндылықтарға ұмтылатын, өмірден мән іздейтін негізгі болмыс (Frankl, 2008: 18).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Діни бірегейлік мемлекетте кездесетін табиғи үрдіс. Ол мемлекеттің әлеуметтік жағдайы мен экономикалық себептерге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Дін қоғамды ізгілікке, мейірбандық пен татулыққа шақырады. Жер бетінде қатігездік пен дінаралық соғыстың болмауын қалайды. Жаратушы түсінігі мен ғибадат ету әр дінде әртүрлі болғанымен, оның негізгі мақсаты – адамзаттың бейбіт өмір сүруі мен дінаралық татулықты орнату. Әсіресе жаһандану дәуірінде діни бірегейліктің маңызы артпаса кемімей отыр. Дінаралық қақтығыстар мен экстремизмнің алдын алуда діни бірегейліктің орны үлкен. «Қоғамның рухани қауіпсіздігін сақтау, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қорғау, дінді жеке бастың мүддесі үшін пайдалануға жол бермей, экстремизмнің алдын алу мемлекеттің дін саласындағы басты мақсаттары болып саналады» (Байтенова және т.б, 2014: 205).

Мақаланың мақсаты – діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін негізгі психологиялық себептерді талдау. Сондай-ақ оның тұлғалық қарым-қатынас пен қоғамдағы ықпалын көрсету.

Зерттеу барысында мынадай сұрақтар қарастырылады:

- Діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін психологиялық факторлар қандай?
- Діни бірегейлік тұлғалық даму мен түрлі қиындықтарды жеңуде ықпал ете ме?
- Діни экстремизмнің діни бірегейлікке тигізетін зардаптары қандай?

Дін мен ұлттар арасындағы психологиялық-мәдени ерекшеліктер қоғамдағы діни бірегейліктің қалыптасуына әртүрлі әсер етеді. Барлық діндер мен діни көзқарастардың негізгі идеясы өзі өмір сүретін мемлекеттің бейбітшілігі үшін болса діни бірегейлік процесі жылдам жүзеге аспақ.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бірегейлік концепциясын ең алғаш кімнің қолданғаны туралы нақты ақпарат жоқ. Дегенмен, діни бірегейлік әлеуметтану және антропология саласында Э. Дюркгеймнің еңбектерінде

көрініс тапты. Ол тікелей діни бірегейлікке талдау жасамаса да, діннің қоғамдағы рөлін жан-жақты қарастырды. Оның идеясы бойынша, дін әлеуметтік байланыстарды түсінуге ықпал етеді. Сондай-ақ Э. Дюркгейм дінді қоғамды біріктіретін және моральдық құндылықтарды қалыптастыратын маңызды фактор деп санады. Дін – адамға тиістілік сезімін беріп, қоғаммен байланысты күшейтеді. Ортақ діни рәсімдер мен ортақ құндылықтар ұжымдық бірегейлікті қалыптастырады. Бірегейлік қоғаммен байланысты ұғым. Ал дін ұжымдық сананың маңызды бөлшегі болып саналады (Durkheim, 1915: 48).

Топ ішінде адам тұлғалық даралығын жоғалтып, ұжымдық санаға ие болады. Индивид жеке қалғанда және басқа адамдардың арасында екі түрлі эмоция көрсетеді. З. Фрейд мұның себебін көсбасшыға деген қарым-қатынаспен байланыстырады. Топ мүшелері үшін лидер – билік иесі ғана емес, қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан оған бағынып, эмоциялық тәуелділігін көрсетеді. Осы арқылы индивид топтың бір бөлігі екенін сезініп, ұжымдық сананың ықпалында қалады. Эго (мен) – тұлғаның рационалды бөлігі болса, суперэго (жоғары мен) – моральдық-әлеуметтік бөлігі. Топ ішінде суперэго көшбасшының идеялары мен нормаларын қабылдауға мәжбүр болады. Бұл адамның эгосын әлсіретіп, эмоциялық ұжымдық сананың қалыптасуына алып келеді. Тұлға өзінің даралығын жоғалтып, эмоцияға негізделген мінез-құлыққа бейімделеді (Фрейд, 2019: 13).

А. Тэджфелдің бірегейлік ұғымын жаңа қырынан қарады. Бір-біріне тәуелді топтар арасындағы конфликтін шеше отырып, әр ұлт, әр дін өкілі өзіндік «менін» қалай сақтап қала алады, сақтап қалу мүмкін бе, әлде доминант алдында индивид «менін» жоғалта ма деген сұрақтарға жауап іздеді. Әлеуметтік топ алдында тұлғалығын жоғалтып, топтың мәртебесін көтереді. Ол жеке адам мен әлеуметтік өзгеріс арасындағы нәзік мәселе. «Өзін-өзі өзгерту арқылы адам қоршаған ортаны өзгертеді, ал оны өзгерту арқылы ол өзі өзгереді» теориясы маңызды сипатқа ие болды. Әлеуметтік топ әлемде орын алып жатқан өзгерістерді ең алдымен өзіне тиесілі топтың негізгі параметрлеріне, нормаларына, құндылықтарына сәйкес ойлайды және әрекет етеді. Әлеуметтік бірегейлік теориясы (Social Identity Theory) бойынша, адам этникалық, саяси және діни бөлінуге бейім. Өзіне тиісті топтың ішінде болу арқылы психологиялық қауіпсіздік пен тиістілік сезіміне ие болады. «Мен» тұжы-

рымдамасы негізінде «біз» және «олар» концепциясы дамиды. Адамдар өз құндылықтарына негізделген топты (ingroup) жоғары бағалап, басқа топтарды (outgroup) кемсітеді немесе мойындамайды (Tajfel, 1981: 24).

Негізгі бөлім

Дін – адамға өмірді түсінуге көмектесетін құрал. Өмірлік мән табу жеке емес, топтасып өмір сүргенде оңайырақ болады және топтасып өмір сүру әлеуметтік заңды құбылыс. Діни бірегейлік тенденциясы діни тәжірибелер арқылы қалыптасады. Діни тәжірибе жеке адамның тәжірибесі, эмоциялары мен ішкі күйі арқылы көрінетін көпжылдық процесс. У. Джеймс діни тәжірибені тұлғаның жеке тәжірибесі деп түсіндіреді. Діни тәжірибесі ортақ топтар арасында діни бірегейлік табиғи жолмен қалыптасады.

Діни сезімдер адамның психологиялық қажеттіліктерін өтеуімен байланысты. Белгісіздіктен пайда болатын қорқынышта адам діннен тірек іздейді. Дұға ету, құлшылық жасау секілді әрекеттер рухани – психологиялық жеңілдік сыйлайды. Адам баласы қиындықтарды жеңу үшін де бірігеді. Бұл оларды жақындата отырып, бірегейліктің пайда болуына әсер етеді. Діни тәжірибе жекелеген адамдардан бастап, топтар арасында жүретін үздіксіз процесс. Адам белгілі бір дінге сену арқылы өзінің жеке эмоциялық қажеттіліктерін өтейді. Діни бірегейлік тұлғаның құндылықтарын анықтап, мінез-құлық мен шешімдеріне әсер етеді. Сондай-ақ мағыналы өмір сүруіне жағдай жасайды.

Діни тәжірибе діни бірегейліктің қалыптасуына екі түрлі формада әсер етеді. Бірі – өмірге оптимисті көзқараспен қарайтын лидерлер діни бірегейліктің қалыптасуына харизматикалық тұрғыда ықпал ететіндер. Мысалы, пайғамбарлар, әулиелер мен солардың жолын жалғастырушылар. Екіншісі – қиындықтарға ұшырау нәтижесінде дағдарыстарды жеңіп, діннің мазмұнын терең түсінгендер. Мұндай тұлғалар діни тәжірибелерді орындау арқылы діннің маңыздылығын көрсетеді. Әртүрлі діни ритуалдарды (намаз, медитация, ғибадат ету, қасиетті мәтіндерді оқу т.б.) көпшілікпен (жамағатпен) бірге орындау стрессті азайтып, тұрақтылық сезімін береді (James, 1901-1902: 22).

Бір қоғамда тұратын адамдар арасындағы дін көзқарас басқаларға да әсер етпей қоймайды. Туыстар, достар мен көршілердің діни көзқарасы тұлғаның дінді қабылдау процесін

жеделтетіп, шешім қабылдауда маңызды рөл ойнайды (Zhaxybayeva and others, 2024). Діни бірегейліктің қалыптасуы мен дамуы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын үздіксіз әлеуметтік процесс. Өткен ғасырлар мен жаһандану кезеңін байланыстыратын рухани құндылықтарға тарих, мәдениет, тіл, салт-дәстүр жүйесі, әдет-ғұрып нормалары, діни рәміздер, діни мәтіндер, құлшылық орындары т.б. жатады.

Көптеген әдет-ғұрыптар, рәсімдер, нанымдар мен тыйымдар қазақ халқының діни идеяларымен байланысты. Рухани құндылықтарға қатысты аңыздар мен мифтер Құран және Пайғамбардың өмірімен сабақтасып осы күнге жетіп отыр (Mustafina and others, 2019).

Тұлғаның діни бірегейлігі күрделі және көпқұрамды құбылыс. Сонымен қатар діни бірегейлік тұлғаның өзін нақты бір дінге сәйкестендіруі. Сол арқылы православтық, католиктік немесе исламдық бірегейліктің басқа да түрлерін жасап, жаңаша өң береді. Ішкі және сыртқы жағдай адамды дінге алып келсе, діни бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің азаматтық, ұлттық, мәдени түрлерін қалыптастыруға әсер етеді (Сатершинов және т.б., 2020: 16).

Діни бірегейлікте бірнеше деңгейлерді бөліп көрсетуге болады: адамның діни идеяларға және жалпы құндылықтарға қатысуын білуі, яғни өзін сенуші ретінде сипаттау; сенушілердің ортақ діни сәйкестігін (христандық, мұсылмандық, буддисттік және т.б.) көрсету; белгілі бір діни бірлестікке қатысу және тиісті әрекеттерді жасау (Жаде, Кумпилов, 2019: 81).

Бүгінгі таңда дінаралық соғыстар діни-әлеуметтік себептерден туындап отыр. Жастардың жұмыссыздығы, діни сауатсыздық, діни білімнің болмауы, өмірден өз орнын таба алмау мен қоғамға көңіл толмаушылық секілді бірнеше факторларды айтуға болады. Өмірдегі орнын түсінудегі қиындықтар діни экстремистік топтарға қосылуға себеп болуы мүмкін. Діни экстремизм – белгілі бір діни идеологияны ұстанып, белгілі бір доктринаны түсіндіру туралы өте радикалды және фундаменталистік көзқарастарға негізделген конфессияларға, топтар мен ағымдарға жататын адамдарға тән құбылыс.

Экстремизм (лат. *extremus* – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдер мен дәстүрлі құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы.

Діни экстремизмнің пайда болуына әсер ететін факторлардың бірі – діннің саясатқа ұмты-

луы. Дін – адамдардың рухани өмірін өзгертуге емес, өзінің білімін әлеуметтік шындыққа айналдыруға тырысса діни экстремизм пайда болуы мүмкін. Дәстүрлі емес діни наным-сенімдер қалыптасқан мәдени құндылықтар мен нормаларға қарсы шығып, жаңа діни идеяларды енгізуге тырысады. Мұндай идеялар қоғамның бірлігіне қауіпті (Байтенова, Жетпісбай, 2021: 133).

Діни экстремистік ұйымдар белгілі бір мақсат пен мүдде үшін бірігу мен сәйкестену сезімін ұсынады. Осы арқылы өзара бауыр, басқалар «жау» сезімін оятады. Мұны көбінесе жасөспірімдер арасында жиі қолданады. Жастар арасындағы өзін ерекше сезінуге деген құштарлық пен еліктеушілік экстремистік топтар үшін оңай олжа. Сондай-ақ өтпелі кезеңдегі дағдарыс дұрыс анализ жасауға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Әлеуметтік оқшауланған, қоғамнан шеттетілгендер мен өзін қабылдай алмайтындар арасында да әртүрлі топтарға еру үрдісі кездеседі. Экстремистік ұйымдар мұндай жандарға қамқорлық пен «отбасы» сезімін ұсынады. Кей адамдарда өмірлік мақсат пен құндылықтардың болмауы жат ағымдар үшін тиімді. Мұндай адамдарды дәстүрлі-рухани құндылықтарды жойып, қоғамның тұтастығын бұзуға пайдаланады. Осындай ұстанымдар арқылы елдің бірегейлігіне қауіп төндіреді.

Діни экстремизм – әлеуметтік және діни, саяси-экономикалық, психологиялық-интеллектуалдық себептер нәтижесінде пайда болады. Проблеманың негізгі өзегі – тұлғаның өзі болып саналады. Қоршаған ортаның құндылықтары мен экстремистік көзқарастың сәйкес болмауы, діни идеалдар мен әлеуметтік шындықтың үйлеспейуі, зайырлылық пен Құдай түсінігі арасындағы қарама-қайшылықтар діни экстремизмге әкелуі мүмкін. Дін мен саясаттың қатынасы, діннің мақсаты мен мәнін толық түсінбеу, фанатизм, қатыгездік, өзгелерді агрессивті түрде жек көру, басқалардың мүддесін ескермеу, тыйым салу мен шектеулерді жақсы көру, мінез-құлықтағы ашкөздік және басқалардан да соны талап ету әрекеттері діни экстремизмнің негізгі көріністері. Зорлық-зомбылық, ұзаққа созылған стресс, ұлтаралық соғыстар психологиялық жарақат тудырып, өшпенділік пен кек алуға итермелеуі мүмкін. Экстремистік топтар осындай әлсіз адамдарды өз қатарларына тез бейімдеп алады. Эмоциялық тұрақсыз, өзін өзі бағалауы төмен және сенгіш адамдар манипуляцияға беріліп, экстремистік идеяларды жүзеге асырушы объектке айналуы мүмкін (Ахромеева, 2009: 3).

Мұның барлығы діни бірегейліктің қалыптасуына кері әсер ететін факторлар. Қазіргі уақытта бірегейлікке қауіп төндіретін жағдайлармен күресу шаралары әлемдік деңгейде жүзеге асуда. Экстремизм, терроризм әрекеттері ешбір дінде күпталмайды. Психологиялық күй діни бірегейліктің дамуымен бірге, керісінше, зиян тигізуі де мүмкін. Діни бірегейлік дінаралық қарым-қатынас кұруда маңызды рөл атқарады. Ол эмоционалдық тұрақтылық пен тұлғаның қоғамдағы рөлін көрсетеді. Алайда басқа діндерге төзімсіздік пен антипатия сезімдерін тудыруы мүмкін.

Мұсылмандар Алланы күдіретті деп санап, жақсылық пен жамандықтың қайнар көзі ретінде қарастырады. Мейірімділік пен игі істер жасау діннің негізгі талабы деп есептейді (Rysbayeva and others, 2019).

Жаһандану процестері мен мәдениетаралық байланыстардың қарқынды дамуы діннің қоғамдағы орнын қайта қарастыруға себеп болуда. Діни бірегейліктің маңыздылығы уақыт өткен сайын артпаса кемімей отыр. Өйткені адамдар әлеуметтік-мәдени топқа ғана емес, діни қауымдастыққа да жатады. Мұндай қауымдастықтар ғасырлар бойы жалғасып діни тұрақтылық сезіміне әсер етеді. Себебі діни тұрақтылық эмоциялық, рухани, сондай-ақ сенімді қолдау көрсете алады.

Ымыраға ұмтылу, келісім мен бейбітшілікті нығайту өте өзекті. Шынайы теңдестірілген ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде экономикалық реформаларды демократияландыруда бірегейлік маңызды феноменге ие (Tutinova and others, 2019).

Діннің маңызды психологиялық қызметінің бірі – жұбату. Ол жағымсыз толғаныстарды жойып, көңіл-күйдігі қақтығыстардан тазарту мақсатында адамға ықпал етеді. Діннің жұбату қызметінің психологиялық астарлары – өмірлік қиындықтарды, азап тартуды жеңе білумен байланысты. Діни құлшылықтар мен рәсімдер адам бойындағы жағымсыз сезімдер мен көңіл-күйлерді залалсыздандырады. Сол арқылы тұлғаның психикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Дінге бетбұрған адам үшін оның сыртқы көрінісіне қарағанда ішкі мәні маңыздырақ. Бұл тұлғаның психологиялық сезімі мен эмоциялық күйіне әсер етеді (Затов, Борбасова, Алдиярова, 2019: 43).

Сондай-ақ қоршаған ортадағы ұлттық және діни әралуандық адам санасында тұрақсыздық сезімін тудырады. Нәтижесінде қоғамның тұ-

тастығы мен реттілігін сақтау мақсатында уақыт сынынан өткен құндылықтардан қолдау іздей бастайды. Осы орайда, діни бірегейлік үрейді, тұрақсыздық пен сенімсіздік сезімдердерінен арылтып, болашаққа үмітпен қарауға себепші болады. Топішілік бірлік пен өзара ынтымақтас-тық сезімін арттырады. Діни бірегейлік – кейінгі ұрпақ үшін рухани-моральдық құндылықтарды сақтауда маңызы зор. Себебі ұлттық және діни болмыс қазіргі жаһандану кезеңінде негізін жоғалтпайды. Діни қоғам белгілі бір дінді ұста-натын, бірақ әртүрлі идеялар мен нормаларға ие құндылықтар жүйесінен тұрады. Бұл белгілі бір ұлттың басқа халықтармен қарым-қатынас құруы барысында қалыптасады. Бұған мифтер, аңыздар, тарихи әңгімелер, ойлау мен мінез-құ-лықтың әртүрлілігі де әсер етеді. Сондай-ақ діни мен сенімі бөлек адамдарға төзбеу, «біз» және «бөтен» ұғымы да кездеседі (Зенько, 2009: 28).

Нәтижелер және талқылама

Діни бірізділік пен уақыт тезінен өткен құн-дылықтар да тұрақтылықтың сақталуына әсерін тигізеді. Дінаралық, мәдениетаралық және өрке-ниетаралық құбылыстар діни бірегейліктің сақ-талуында маңызды құбылыс саналады. Жаһан-дану процесінің динамикалық жылдамдықпен қарқынды дамуы да діни бірегейлікке жаңа рең берді. Ол жеке индивидтің екінші бір индивидке діни қарым-қатынасы ғана емес, тұтас қоғам мен мемлекеттердің өзара байланысын сипаттайды.

Көп жағдайда индивид өзін жоғары баға-лап, топтан ерекшеленуге бейім келеді. Алай-да өзінің әлеуметтік күйін анықтау қажеттілігі туындағанда, топтан ерекшеленбей, керісінше көпшілік қолданатын стандартқа сай болуға ты-рысады. Өзге діни немесе әлеуметтік топтардан ерекшелену қажеттілігі туындағанда топтың мүддесін ойлау алдыңғы қатарға шығады. Се-бебі топ ішінде бірегейліктің рөлі орасан. Сол арқылы ол туыстық, қандас, діни эмоция сезі-ніп, құндылығы арта түседі. Бұл тек діни фактор ғана емес, психологиялық қажеттілік болып та саналады. Адамның өзі туралы, қоршаған ортаға тиісті екендігін көрсететін қарым-қатынас нор-масы оның белгілі бір топта болуына итерме-лейді. Сондай-ақ өз тобының өзгелерден ерекше екендігін сезіну де маңызды.

Тұлғаның өзін ерекше деп санауы топтың мүшесі болуына кедергі келтіреді. Ал топтың ішінде болуы өзінің тұлғалық мендігін жоғалтып алуына себеп болады. Бұл дін өкілінің психоло-

гиялық жай күйіне байланысты. Кей жағдайда лидерлік, харизматкалық қасиетке ие тұлға сол мүдделес жандарды басқаруына да көмектеседі. Алайда топты басқарушы лидер де көпшілікпен санасуға міндетті болады. Бұл бірегейліктің тұтастығы үшін қажет. Кейде тұлға жеке мүддесі үшін әлеуметтік, діни топтарын да ауыстыруы мүмкін. Бұл материалдық құндылықтармен байланысты. Дінді рухани дүниетанымның негізгі аспектісі десек те, материалдық игіліктерге ие болудың артықшылықтарын жоққа шығаруға болмайды. Тарихи жолы мен даму кезеңдері бар, қоғам ішінде мойындалған діни топқа тиісті болу мүмкіншіліктерді одан әрі арттырады. Себебі кез келген дін өкілі өзінің ұстанатын дінін басқалардан жоғары қояды. Оның артықшылығын дәлелдеуге тырысады. Нәтижесінде діни бірегейлік мәселесі жаңа форматқа ауысады (Tajfel, 1982: 30).

Өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары британдық әлеуметтік психолог Дж. Тернер бірегейлік түсінігін жаңа қырынан көрсетуге тырысты. Ол «өзін өзі санаттау» мәселесін қарастырды. Бұл тұлғаның өзін тану процесі. Топтың ықпалына ермей, өзіндік динамикалық өсуі мен өзге индивидтерге ықпал ету мәселесін зерттейді. Индивид өзгенің жынысына, ұлтына, діні мен конфессиясына сай өзіне ұқсас адамдарды тартады. Егер гендерлік немесе этностық, діни категориялар бір біріне сәйкес келмесе, олардың орнына басқа ұқсас адамдарды іздей бастайды. Жеке адам өзін бір топтың мүшесі ретінде санаса, сол топтың негізгі ережелерін де қабылдайды.

Топтың құрамында болу тиесілік сезімін беріп, жалғыздықтан арылтады. Тұлға топтың жетістіктерін өзіне де тиісті деп санап, өзін өзі бағалауы артады. Өртүрлі атрибуттар, діни рәміздер жеке тұлға үшін де маңызды саналып, қауымдастық контекстінде негізгі рөлге ие болады. Топтық сәйкестендіру эмоциялық байланыспен қатар, мінез-құлықтың нормаларында да көрініс табады. Ол өзін топпен сәйкестендірген соң өз тобын басқалармен салыстыра бастайды. Өз тобының артықшылықтарын ескеріп басқалармен бәсекелесуге мәжбүр болады. Бұл ұлттық, діни қақтығыстарға әкелуі мүмкін (Turner, 1985: 12). Адамның өзін-өзі санатқа бөлуі бірдей емес. Бірі өзін жоғарғы күштің жердегі өкілі ретінде санаса, екінші топ діни сенімі басқа болғаны үшін ғана айырмашылығымыз бар деп есептейді. Ал кейбірі өз тобының артықшылығына мән беріп, ұдайы өздерін өзгелерге дәлелдеуге

мәжбүр болады. Себебі олар өздерінің көзқарасы ғана дұрыс екендігіне шүбәсіз сенеді. Бұл «біз» және «өзге» түсінігін қалыптастырып, өртүрлі қақтығыстарға себеп болуы мүмкін (Крылов, 2014: 45).

П.П. Блонскийдің айтуынша жекелеген индивидке діни тәрбие беру оның бойындағы табиғи қасиеттерден арылтып, діннің өзегін егу. Сол арқылы діни мүддеге сай қызмет еткізу. Бұл қоғамның бірігуіне емес, керісінше, оңашалануға, агрессивті күйге әкеледі. «Тәрбие мен білім беру әр баланың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып құрылуы керек» (Блонский, 2024: 24).

Әлеуметтік орта, мәдени құндылықтар және қоғамдық тәрбие жеке тұлғаның ұжымдық бірегейлігін қалыптастырады. Діни қоғамда өмір сүретін тұлға үшін, азаматтық, ұлттық, қоғамдық құндылықтар діни сенімнен жоғары болмайды. Діни фанатизм, ортодоксальды ұстанымдар бірегейліктің дамуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Елдің тұтастығын сақтау, әрі оны нығайту жалпы мәдени кеңістікті қалыптастырумен, дамытумен және деструктивті күштерге заңды қарсылықпен байланысты. Қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күрделі де, ауқымды міндеті ұлттық мәдениетті сақтау, әрі оны нығайту. Бұл дегеніміз этникалық не ұлттық бірегейліктің төңірегінде топтасып, бірегейліктің көптүрлілігіне не «контр бірегейліктерге» қарсы тұру қажет (Тусупбеков, 2020: 241).

Діни бірегейлікке әсер ететін әлеуметтік факторлардың ықпалы әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Дін абстрактілі дүниетаным болғандықтан тұлғаның өзін белгілі бір топқа жатқызу қажеттілігі әлеуметтік тарихи оқиғалармен байланысты. Сондай-ақ ол болашаққа да ықпал етуші күш болып саналады.

Қорытынды және тұжырымдама

Діни бірегейліктің қалыптасуы тұлғаның эмоционалдық қажеттіліктерін өтеуімен байланысты. Бұл адамның өмір сүрудегі құндылықтарын тануда маңызды процесс болып саналады. Діни бірегейлік тұлғаның отбасы, қоршаған ортасы мен қоғамдағы діни құндылықтары арқылы қалыптасады. Отбасынан не айналадан қолдауды сезіну адамның діни көзқарасының орнығуына әсер етеді. Дін көбіне адамдарға қиындықтарды жеңуге көмектесетін эмоционалдық қолдау мен қауіпсіздік сезімін береді. Бұл діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін маңызды аспектілері-

нің бірі. Сондай-ақ өмірдегі маңызды оқиғалар (күйзеліс, жақынын жоғалту не рухани жетілу т.б.) діни көзқарасты өзгертуге не қайта қалыптастыруға итермелеуі мүмкін. Діни бірегейлік адамның өзіне сенімділігі мен психологиялық тұрақты болуына жағдай жасайды. Ол қоғамның ажырамас бөлігі болып есептеледі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, діни бірегейліктің қалыптасуына психологияның ықпалы ерекше. Адамның өмір мәнін іздеуі, эмоционалдық тұрақтылыққа ұмтылуы, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы маңызды болып саналады. Адам өмірінде кездесетін дағдарыс, өмірлік тәжірибелер діни бірегейліктің нығаюына не өзгеруіне алып келеді.

Діни бірегейлікті теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық қырынан зерттеу де жемісті нәтижесін беруде. Ол әлеуметтік интеграция мен рухани даму мәселелерін кеңірек зерттеуге мүмкіндік туғызады. Діни бірліктің қоғамдағы орнын анықтау мәселесі тереңде жатыр. Ол ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан күрделі процесс. Мақалада діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін психологиялық себептер талданды.

Шетелдік ғалымдардың діни тұжырымдамаларына талдау жасай отырып, экономикалық даму тұрғысынан алғанда діннің ерекше орны бар екені байқаймыз. Діни бірегейлік көпқырлы және күрделі процесс. Оның қалыптасуына ішкі психологиялық қажеттіліктер, өмірлік тәжірибелер мен әлеуметтік факторлар әсер етеді. Дінаралық қатынаста дінге деген мұқтаждық бірлесіп өмір сүруге, діни дүниетанымы сәйкес адамдардың бірігуіне әкелді. Бұл әлі шешімін таппаған күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Оның күрделілігі әлем халықтарының әралуан дінді ұстануы мен тек өзінің көзқарасын ғана дұрыс санауы, сондай-ақ, басқаларға діни төзбеушілік пен толеранттылықтың мемлекет арасында әртүрлі формаға ие болуы діни экстермизм бірегейліктің дамуына үлкен зиян тигізіп отыр.

Алғыс

Зерттеу «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-практикалық негіздері мен даму жолдары» жобасы аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыланды (Грант № BR24993035).

Әдебиеттер

- Durkheim, E. (1915). *The elementary forms of the Religious life*. – London: George Allen & Unwin Ltd. – 526.
- Erikson, E. (1994). *Identity youth and crisis*. – New York: New York Norton & Company. – 338.
- Frankl, V. (2008). *Man's Search for Meaning*. – London: A Random House Group company. – 119.
- James, W. (1901 – 1902). *The Varieties of Religious Experience*. – Edinburg: A Study in Human Nature. – 374.
- Mustafina, Zh. and others (2019). Religious and symbolic meaning of Kazakh popular beliefs and taboos. *European Journal of Science and Theology*, 15(6), 107-116.
- Rysbayeva, G. and others (2019). Names of people associated with religious concepts. *International Journal of Current Research*, 11(02), 1239-1242. DOI: <https://doi.org/10.24941/ijcr.34099.02.2019>
- Tajfel, H. (1981). *Human groups and social categories*. – New York: Cambridge University Press. – 342.
- Tajfel, H. (1982). *Social Identity and Intergroup Relations*. – New York: Cambridge University Press. – 546.
- Turner, J.C. (1985). *Social categorization and the self-concept: a social theory in-group behavior*. – New York: Oxford University Press. – 121.
- Tutinova, N., Meirbayev, B., Frolov, A., & Bagasharov, K. (2019). Republic of Kazakhstan: ethnoreligious identity as an integration factor. *Central Asia and the Caucasus*, 20(4), 147-160. <https://ca-c.org/CAC/index.php/cac/article/view/1497>
- Zhaxybayeva, A. and others (2024). The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation. *Pharos Journal of Theology*, 105(3). <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.38>
- Ахромеева, Ю. (2009). Социокультурные основы религиозного экстремизма/автореф.дисс...канд.филос.наук: 09.00.13. – Воронеж: ВГАСУ. – 178.
- Байтенова, Н.Ж., Жетпісбай, Н. (2021). Фанатизм түсінігі, мәні және ерекшеліктері (жалпы фанатизм, радикализм, фундаментализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің аражігін айқындау). *Адам әлемі*, 1(87). – 142. <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5849.11>
- Байтенова, Н.Ж., Курманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.К. (2014). Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер. – Алматы: Қазақ университеті. – 228.
- Блонский, П.П. (2024). Психология и педагогика. Избранные труды. 2-ое изд. Стер. – Москва: Издательство Юрайт (Антология мысли). – 184.
- Жаде, З.А., Кумпилов, Т.М. (2019). Мусульманская идентичность как научная категория. *Ежеквартальный рецензируемый, реферируемый научный журнал «Вестник АГУ»*, 1(234).

- Затов, Қ.А., Борбасова, Қ.М., Алдиярова, Ж.Е. (2019). Діндарлық феномені, мәні мен типтері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*. 19(3), 40–47. <https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-3-r5>
- Зенько, М.Ю. (2009). Психология религии. 2-ое изд., испр. и доп. – СПб.: Речь. – 552.
- Крылов, А.Н. (2014). Религиозная идентичность. Индивидуальное и коллективное самосознание в постиндустриальном пространстве. – Москва: ИКАР. – 356.
- Сатершинов, Б.М. және т.б. (2020). Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері: ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК. Философия, саясаттану және дінтану институты. – 236.
- Тусупбеков, Ж.А. (2020). Бірегейлік ұғымы және ұлттық бірегейлік мәселесі. *Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, №4(133)*. 245. <http://rep.enu.kz/handle/enu/3067>
- Фрейд, З. (2019). Психология масс и анализ человеческого «Я». [пер. с нем. А.Анвара] – Москва: Издательство АСТ, (эксклюзивная классика) – 320.

References

- Ahromeeva, Ju. (2009). Sociokul'turnye osnovy religioznogo jekstremizma. [Socio-cultural foundations of religious extremism] /avtoref.diss...kand.filos.nauk: 09.00.13. – Voronezh: VGASU. – 178. (in Russian)
- Baitenova, N.Zh., Kurmanalieva A.D., Rysbekova Sh.S., Beisenov B.K. (2014). Qazirgi Qazaqstandagy dasturli dinder [Traditional religions in modern Kazakhstan]. – Almaty: Kazakh University. – 228. (in Kazakh)
- Baitenova, N. Zh., Zhetpisbay N. (2021). Fanatizm tusinigi, mani jane erekshelekteri (fanatizm tusinigi, radikalizm, fundamentalizm, ekstremizm, terrorism tusinikterinin arajigin aiqyndau [The concept, essence and features of fanaticism (to distinguish between the concepts of general fanaticism, radicalism, fundamentalism, extremism, terrorism)]. *Adam alemi*, 1(87), 142. <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5849.11> (in Kazakh)
- Blonsky, P.P. (2024). Psihologija i pedagogika [Psychology and Pedagogy]. 2nd edition. – Moscow: Izdatelstvo Yurayt (Anthology of thought). – 184. (in Russian)
- Durkheim, E. (1915). The elementary forms of the Religious life. – London: George Allen & Unwin Ltd. – 526.
- Erikson, E. (1994). Identity youth and crisis. – New York: Norton & Company. – 338.
- Frankl, V. (2008). Man's Search for Meaning. – London: A Random House Group company. – 119.
- Freud, Z. (2019). Psihologija mass i analiz chelovecheskogo "Ja" [Psychology of mass and analysis of the human "I"]. [tr. from German A. Anvaera]. – Moscow: Izdatelstvo AST. (exclusive classics) – 320. (in Russian)
- James, W. (1901 – 1902). The Varieties of Religious Experience. – Edinburg: A Study in Human Nature. 374.
- Krylov, A. N. (2014). Religioznaja identichnost'. Individual'noe i kollektivnoe samosoznanie v postindustrial'nom prostranstve [Religious Identity. Individual and collective self – realization in post – industrial prostration]. – Moscow: IKAR. – 356. (in Russian)
- Mustafina, Zh. and others (2019). Religious and symbolic meaning of Kazakh popular beliefs and taboos. *European Journal of Science and Theology*, 15(6), 107–116.
- Rysbayeva, G. and others (2019). Names of people associated with religious concepts. *International Journal of Current Research*, 11(02), 1239–1242. DOI: <https://doi.org/10.24941/ijcr.34099.02.2019>
- Satershinov, B. M. and others (2020). Qazaqstandaғы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері: ұжымдық монография [Problems of inclusivity and exclusivity of religious identity in Kazakhstan: a collective monograph]. – Almaty: SC MES RK. Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies. – 236. (in Kazakh)
- Tajfel, H. (1981). Human groups and social categories. – New York: Cambridge University Press. – 342.
- Tajfel, H. (1982). Social Identity and Intergroup Relations. – New York: Cambridge University Press. – 546.
- Turner, J.C. (1985). Social categorization and the self-concept: a social theory in-group behavior. – New York: Oxford University Press. – 121.
- Tusupbekov, Zh.A. (2020). Biregeilik ұғымы және ұлттық бірегейлік мәселесі [The concept of identity and the problem of national identity]. *Bulletin of L. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series No. 4(133)*, 245. (in Kazakh)
- Tutinova, N., Meirbayev, B., Frolov, A., & Bagasharov, K. (2019). Republic of Kazakhstan: ethnoreligious identity as an integration factor. *Central Asia and the Caucasus*, 20(4), 147–160. <https://ca-c.org/CAC/index.php/cac/article/view/1497>
- Zatov, K., Borbassova, K., & Aldiyarova, Z. (2019). Dindarlyq fenomeni, māni men tipteri [The phenomenon, essence and types of religiosity]. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 19(3), 40–47. <https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-3-r5> (in Kazakh)
- Zenko, M.Yu. (2009). Psihologija religii [Psychology of religion]. 2nd ed., edited and completed. – SPb: Speech. – 552. (in Russian)
- Zhade, Z.A., Kumpilov, T.M. (2019). Musulmanskaya identichnost' oak nauchnaya kategoriya [Muslim identity as a scientific category]. *Ejekvartal'nyi recenziruemyi nauchnyi journal "Vestnik AGU"*, 1(234). (in Russian)
- Zhaxybayeva, A. and others (2024). The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation. *Pharos Journal of Theology*, 105(3). <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.38>

Авторлар туралы мәлімет

Адайхан Айнұр (корреспондент-автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru).

Затов Қайрат Айтбекұлы – философия ғылымдарының докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kairat_1966@list.ru).

Абжалов Сұлтанмұрат Өтеуұлы – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті теология факультетінің деканы (Түркістан, Қазақстан, e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz).

Information about the authors

Adayhan Aynur (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru).

Zatov Kairat Aitbekuly – Doctor of Philosophical Sciences, Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kairat_1966@list.ru).

Abzhalov Sultanmurat Oteshuly – Candidate of Philosophy, Associate Professor, Dean of the Faculty of Theology of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan, e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz).

Сведения об авторах

Адайхан Айнұр (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: elubaeva.ainur890@mail.ru).

Затов Кайрат Айтбекұлы – доктор философских наук, профессор кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур – Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: kairat_1966@list.ru).

Абжалов Сұлтанмұрат Утеуұлы – кандидат философских наук, ассоциированный профессор, декан факультета теологии Международного казахско-турецкого университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Туркестан, Казахстан, e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz).

13 ақпан, 2024 ж. тіркелді.
13 наурыз, 2025 ж. қабылданды.

A. Tuleubekov¹ , A. Doskozhanova^{2*} 

¹Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aizhan.doskozhanova@narxoz.kz

IMPORTANCE OF ISLAMIC METAPHYSICS IN THE CONTEXT OF MEDIEVAL WORLVIEW

This article examines the Islamic metaphysical tradition in the context of medieval thinking. The main goal of the study is to identify the role of Islamic metaphysics in the space of medieval religious and philosophical discourse. The scientific significance of the article is to prove how close the metaphysics of the Muslim Middle Ages was to the true understanding of the universe. The practical significance of the article is reflected in the fact that to this day representatives of Islamic traditional theology use the achievements of the Eastern Peripatetics in describing the basic laws of the worldview. The article also uses two methods: comparative analysis and synthesis of the historical and logical. In the article, the authors highlight three main results: (1) compared to other metaphysical layers, Islamic metaphysics is unique, (2) Islamic metaphysics is not limited to Islamic philosophical theology, (3) Islamic metaphysics still exerts a huge influence on religious ontology. The main value of this work is its practical applicability. The conclusions and ideas of this study can be applied both in the social life of the Muslim world and within the framework of various disciplines of the socio-humanitarian fields. Also, the use of materials from this study will help in a deeper understanding of the methodological ontology of Arabic-language philosophy of the Middle Ages. This, in turn, significantly expands the application of metaphysics both in the historical-philosophical perspective and in the context of modern philosophy.

Key words: metaphysics, religious thinking, philosophical discourse, the Middle Ages, rationalism.

A. Төлеубеков¹, А. Досқожанова^{2*}

¹Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

²Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aizhan.doskozhanova@narxoz.kz

Ислам метафизикасының ортағасырлық дүниетаным контекстіндегі маңыздылығы

Бұл мақала исламдық метафизикалық дәстүрді ортағасырлық әлемнің ойлау контекстінде қарастырады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ортағасырлық діни-философиялық дискурс кеңістігіндегі ислам метафизикасының рөлін анықтау. Мақаланың ғылыми маңыздылығы – мұсылман орта ғасырындағы метафизиканың ғаламды шынайы түсінуге қаншалықты жақын болғанын дәлелдеу. Мақаланың практикалық маңыздылығы бүгінгі күнге дейін исламдық дәстүрлі теология өкілдерінің өздерінің дүниетанымының негізгі заңдылықтарын сипаттау кезінде шығыс перипатетикасының жетістіктерін пайдалануынан көрінеді. Мақалада сонымен қатар екі әдіс қолданылады: салыстырмалы талдау және тарихи және логикалық синтез. Мақалада авторлар үш негізгі нәтижені атап көрсетеді: (1) басқа метафизикалық концепциялармен салыстырғандағы ислам метафизикасының ерекшелігі, (2) исламдық метафизиканы исламдық философиялық теологияға келтіруге болмайтындығы және (3) исламдық метафизика әлі де діни онтологияға орасан зор әсер ететіндігі. Бұл жұмыстың басты құндылығы – оның практикалық қолдану мүмкіндігі. Бұл зерттеудің тұжырымдары мен идеяларын мұсылман әлемінің әлеуметтік өмірінде де, әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы әртүрлі пәндер шеңберінде де қолдануға болады. Сондай-ақ, осы зерттеу материалдарын пайдалану орта ғасырлардағы араб тілді философияның әдістемелік онтологиясын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде метафизиканың тарихи-философиялық тұрғыдан да, қазіргі философия контекстінде де қолдану аясын айтарлықтай кеңейтеді.

Түйін сөздер: метафизика, діни ойлау, философиялық дискурс, орта ғасыр, рационализм.

А. Тулеубеков¹, А. Доскожанова^{2*}

¹Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан

²Нархоз университеті, Алматы, Казахстан

*e-mail: aizhan.doskozhanova@narхоз.kz

Значение исламской метафизики в контексте средневекового мировоззрения

В данной статье рассматривается исламская метафизическая традиция в контексте мышления средневекового мира. Основной целью исследования выступает выявление роли исламской метафизики в пространстве средневекового религиозно-философского дискурса. Научной значимость статьи состоит в том, чтобы доказать, насколько метафизика мусульманского средневековья была близка к истинному пониманию мироздания. Практическая значимость статьи отражается в том, что и по сей день представители исламской традиционной теологии используют достижения восточных перипатетиков в описании основных законов мировоззрения. Также в статье использованы два метода: сравнительный анализ и синтез исторического и логического. В статье авторы выделяют три основных результата: (1) по сравнению с другими метафизическими пластами исламская метафизика является уникальной, (2) исламская метафизика не сводится к исламской философской теологии, (3) исламская метафизика до сих пор оказывает огромное влияние на религиозную онтологию. Основной ценностью данной работы является ее практическая применимость. Выводы и идеи данного исследования могут быть применимы как в социальной жизни мусульманского мира, так и в рамках различных дисциплинах социогуманитарного направления. Также использование материалов данного исследования помогут в более глубоком понимании методологической онтологии арабоязычной философии средневековья. А это, в свою очередь, значительно расширяет применение метафизики как в историко-философской перспективе, так и в контексте современной философии.

Ключевые слова: метафизика, религиозное мышление, философский дискурс, средневековье, рационализм.

Introduction

«Зияткерлік меншік бұрын ешкім жасамаған және шариғат бойынша заңды саналған әртүрлі идеялық мен интеллектуалды күш-жігер нәтижесінде пайда болған материалдық емес өнімдерге негізделген кешенді абсолюттік хақ».

Мемлекет заңдарындағы зияткерлік меншік негіздеріне келетін болсақ, мәселен ағылшын тіліндегі “intellectual property”, француз тіліндегі “propriété intellectuelle” терминдерінің қазақша аудармалары «зияткерлік меншік құқығы» деп беріледі. Интеллект (ағылшынша intelligence; латынша intellectus – түсіну). Қоғамдағы өзгерістер ақылға байланысты дамиды (Сурхаев, 2016: 114). Ақпараттандыру дәстүрлі өндіріс технологияларын жаңа постиндустриалды режимге ауыстырып, білім мен ғылыми зерттеулерді өндіріс күштерінің маңызды бөлігіне айналдырады. Зияткерлік меншіктің негізі англо-американдық жүйеден алынған. Бұл ой мен өнер туындыларын, патенттерді, тауар белгілерін, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік дизайнды, географиялық атаулар мен белгілерді және т.б. қамтиды (Saban, 2020: 12). Зияткерлік меншік термині кең мағынада адамның зияткерлік еңбегінің нәтижесі ретінде материалдық емес мүліктердегі мүдделерді білдіреді; тар мағынада болса, тек қана авторлық және өнер туындылары ретінде танылатын зияткерлік өнімдердегі хақ деген мағынаны білдіреді. Зияткерлік меншікке әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген. Бұл анықтамалардың кейбіреулері өте кең түсінікті қамтған, ал басқалары тек жеке аспектілерді ғана қарастырған. Осы айырмашылықтар-

ды ескере отырып, зияткерлік меншікті толық әрі нақты сипаттайтын анықтама төмендегідей болуы мүмкін: «зияткерлік меншік – адамның интеллектуалдық еңбегі арқылы жасалған, қорғауды қажет ететін және иесіне пайдалану мен одан пайда табу мүмкіндігін беретін мүдделер» (Saban, 2020: 9). Зияткерлік меншік – адамның идеялық және шығармашылық еңбегінің нәтижесінде пайда болатын шығармашылық жұмыстардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін білдіреді. Бұл иесіне өз еңбегін қорғауға, одан пайда табуға немесе оны басқа адамдарға беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМУ) зияткерлік меншікті екі негізгі категорияға бөледі: авторлық және өнеркәсіптік меншік хақтары. Дүниежүзілік Сауда Ұйымы болса, зияткерлік меншікті өнеркәсіптік меншік, авторлық және қосалқы байланысқан хақтар деп бөледі (Saban, 2020: 13). 1967 жылғы 14 шілдедегі ДЗМУ құру туралы Стокгольм конвенциясының 8.2-тармағына сәйкес, зияткерлік меншікке адамның зияткерлік қызметінің әртүрлі нәтижелері кіреді, олардың тізімі толық емес. Зияткерлік қызмет дамыған сайын қорғауды қажет ететін жаңа нәтижелер пайда болып отырады. Сондықтан зияткерлік меншік объектілерінің тізімін жаңартуға болады. Стокгольм конвенциясы бүгінгі күні зияткерлік меншік объектілеріне авторлық (компьютерлік бағдарламалар, әдеби шығармалар және т.б.), тауар белгілері, фирмалық атаулар және басқаларды жатқызуға мүмкіндік береді (Сурхаев, 2016: 114).

Ғылым мен технологияның дамуына байланысты пайда болған компьютерлік бағдарламалар, дерекқорлар, патенттер мен пайдалы модельдер, дизайн, өткізгіш топографиялары (чиптер), және сауда атаулары зияткерлік меншікті реттеу аясына кіреді. Зияткерлік меншік табиғатын жақсы түсіну үшін, оның жалпы заң саласындағы орнын анықтау қажет. Мемлекеттер заңдарында құқықтар екі үлкен категорияға бөлінеді: қоғамдық құқықтар және жеке құқықтар. Жеке құқықтар екі негізгі категорияға бөлінеді: абсолюттік және салыстырмалы құқықтар. Абсолюттік құқықтар барлық адамдарға қарсы талап етіле алатын құқықтар болса, салыстырмалы құқықтар тек нақты тұлғаларға қатысты қолданылады. Абсолюттік құқықтар мал мүлігін қорғауға қатысты құқықтар. Ақша арқылы бағаланатын және басқа адамдарға берілетін құқықтар. Мысалы, меншік құқығы. Жеке тұлғаға қатысты құқықтар ақша арқылы бағаланбайтын

және басқа адамдарға берілмейтін құқықтар. Мысалы, жеке өмірдің құпиясы. Абсолюттік құқықтар материалдық (мүліктік) немесе материалдық емес (ой) нәрселерде болуы мүмкін (Saban, 2020: 14).

Зияткерлік меншік материалдық емес нәрселерге байланысты құқықтарды қамтиды. Ол шығармашылық идеялар мен өнімдерге, патенттерге, тауар белгілеріне және басқа да зияткерлік еңбектерге қатысты қолданылады. Бұл еңбекті заңды қорғау мақсатында жүзеге асырылады және одан алынған нәтижелердің құқықтық тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз етеді.

Адамды басқа тіршілік иелерінен артық етіп жаратқан Алла адамдарға ойлану және өндіру қабілетін берген. Осы қабілетінің арқасында адамзат жаратылған күнінен бастап бүгінгі күнге дейін үнемі жаңалықтар ашып, дамып, көптеген жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Ескі дәуірлерде зияткерлік меншік қоғамда қандай да бір материалдық құндылыққа ие болмады, себебі оны қорғауға арналған заңнамалық реттеулер қажет деп саналмады. Ол кезеңдерде ақпаратқа қолжетімділік шектеулі болды, сондықтан физикалық өнімдерді қорғау басты маңызға ие еді. Мысырда папирус рулондарынан тұратын сирек әрі құнды жинақтар болды. Мысырдың кітапханаларында маңызды ақпараттар осы папирустар түрінде сақталды, алайда архивтердің көшірмелерін жасауға ешқандай шектеу қойылған жоқ (Saban, 2020: 16).

Ежелгі дәуір мен орта ғасырларда зияткерлік меншікке көзқарас

Ежелгі және орта ғасырларда зияткерлік меншікке қатысты иелік құқықтарын қорғайтын нақты құқықтық нормалар табылған жоқ. Сол сияқты, Ежелгі Греция мен Римде де зияткерлік меншік иесінің шығармаларына немесе өнертабыстарына қатысты реттеуші заңдар болған жоқ. Бұл жағдай зияткерлік өнім иесінің оны өз бетінше көбейту немесе көпшілікке тарату мүмкіндігі болмауымен түсіндіріледі.

Осы кезеңде зияткерлік өнімдерді қорғаудың негізгі қағидасы ретінде: «негізгі нәрсенің иесі оны көшіруге немесе көбейтуге құқылы» деген ұстаным қабылданды.

Бірінші ғасырлар мен орта ғасырларда зияткерлік өнімдердің заңдық тұрғыдан қорғалуына қарамастан, зияткерлік меншікке деген этикалық көзқарас болғандығы байқалады. Бұл зияткерлік өнім иесінің құқығын этикалық тұр-

ғыдан бұзу дұрыс емес деп есептелгенін көрсетеді.

Орта ғасырлардың екінші жартысынан бастап, көптеген елдер зияткерлік меншік ұғымын заңдастыруға әрекеттене бастады. Әлемнің әртүрлі елдерінде зияткерлік меншіктің дамуы туралы қысқаша шолу жасап өтсек.

Ұлыбританиядағы зияткерлік меншік эволюциясы

1624 жылы Англияда «Монополиялар туралы Заң» (Statute of Monopolies) қабылданғанымен, ой еркіндігін шектегендіктен, кейіннен өз күшін жойды. Оның орнына 1709 жылы «Патшайым Анна Заңы» (The Statute of Anne) қабылданды (Кабай, 2013: 169). Аталған Заңның кіріспе бөлімінде: авторлық мүдде иелері мен олардың отбасыларының көрген зардаптарын азайту, болашақта осындай қиындықтардың алдын алу, пайдалы зияткерлік өнімдер жасау, білімді адамдарды ынталандыру мақсаттары баяндалған. Бұл Заңның басты мақсаты – авторларды экономикалық тұрғыдан қолдау және ғылымды дамытуға ықпал ету болды. Алайда, «Патшайым Анна Заңы» тек жазбаша басылымдарға қатысты болғандықтан, онда театр, кескіндеме және басқа өнер түрлері қамтылмады. Осы себепті: 1734 және 1814 жылдары мүсіншілер мен граверлерді қорғауға арналған Заңдар қабылданды. 1882 және 1888 жылдары театр мен музыка шығармаларының құқықтарын қорғауға бағытталған Заңдар күшіне енді. Аталған және басқа да қабылданған Заңдар 1911 жылға дейін әрекет етті. Кейін олардың барлығы жойылып, кең ауқымды Заңдар қабылданды. 1911 жылғы Заң 1956 жылы күшін жойып, оның орнына 1957 жылы «Copyright Act» (Авторлық құқық туралы Заң) қабылданды (Saban, 2020:19). Қазіргі уақытта, Англияда идеялар мен өнер шығармалары 1988 жылы қабылданған «Copyright, Designs and Patents Act» (Авторлық құқық, Дизайн және Патенттер туралы Заң) арқылы қорғалады.

Америка Құрама Штаттарындағы зияткерлік меншік заңнамасы

Америка Құрама Штаттарында зияткерлік меншікке қатысты Заңдар Англияда 1710 жылы қабылданған «Патшайым Анна Заңы» негізінде әзірленді. 1787 жылғы АҚШ Конституциясының 1-бабының 8-бөлімінде зияткерлік меншік құқығы алғаш рет заңды түрде реттелді. 1790 жылы АҚШ-та өткен алғашқы Конгресс ав-

торлық құқыққа қатысты заң қабылдады және жоғарыда аталған Конституциялық ережелерді іске асыруды қамтамасыз етті (Saban, 2020: 21). Аталған Заң: зияткерлік меншік иелеріне өз туындыларын 40 жыл бойы көшіру немесе басып шығару құқығын берді. Қажет болған жағдайда, бұл мерзімді тағы 40 жылға ұзарту мүмкіндігін қарастырды. 1790 жылы күшіне енген бұл Заңға 1831, 1870, 1909 және 1976 жылдары бірнеше рет өзгерістер енгізілді. АҚШ халықаралық зияткерлік меншік ұйымдарының мүшесі болған соң, 1998 жылы «Цифрлық мыңжылдық авторлық құқық актісі» (Digital Millennium Copyright Act, DMCA) қабылданды. Бұл Заңға халықаралық ұйымдардың ұсыныстары негізінде өзгерістер енгізілді (Saban, 2020: 21).

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншіктің дамуы

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік ұғымы заңнамаға 1993 жылдан бастап енгізілді. Интеллектуалдық меншік құқығы кешенді заң саласы ретінде халықаралық конвенцияларға негізделеді. Оларға Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы (1883 жылғы 20 наурызда қабылданған, кейін Брюссельде – 1900 жылғы 14 желтоқсанда, Вашингтонда – 1911 жылғы 2 маусымда, Гаагада – 1925 жылғы 6 қарашада, Лондонда – 1934 жылғы 2 маусымда, Лиссабонда – 1958 жылғы 31 қазанда, Стокгольмде – 1967 жылғы 14 шілдеде қайта қаралған және 1979 жылғы 28 қыркүйекте өзгерістер енгізілген), Тауар белгілерін халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі, Әдеби және көркем шығармаларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы жатады. Бұл конвенциялар зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті де қарастырады (Amangeldi, 2023: 42).

Қазақстан аумағында интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтық қорғау бойынша төрт негізгі халықаралық конвенция күшіне енді:

1) Әлемдік интеллектуалдық меншік ұйымын құру туралы Конвенция (1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қол қойылған, 1970 жылы күшіне енген, 1979 жылғы 2 қазанда өзгертілген);

2) Өнеркәсіптік меншік хақтарын қорғау туралы Париж конвенциясы (1883 жылғы 20 наурызда Парижде жасалған, 1979 жылғы 2 қазанда өзгертілген);

3) Патенттік кооперация туралы келісім (1970 жылғы 19 шілдеде Вашингтонда қол қо-

йылған, 1978 жылы күшіне енген, 1979 жылғы 2 қазанда қайта қаралған);

4) Халықаралық тауар белгілерін тіркеу туралы Мадрид келісімі (1891 жылғы 14 сәуірде Мадридте жасалған, 1979 жылғы 2 қазанда өзгертілген) (Мадиярова, Байтикенова, Турғанова, 2017).

Осылайша, тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде интеллектуалдық меншік объектілерін тиімді қорғау жүйесі жұмыс істей бастады. Интеллектуалдық меншік объектілерінің бар болуы, құқық көлемі және пайдалану тәртібі анықталған бірнеше заң қабылданды:

1996 жылғы 10 маусымда № 6-І қабылданған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заң;

1999 жылғы 13 шілдеде № 422-І қабылданған «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заң;

1999 жылғы 16 шілдеде № 427-І қабылданған «Қазақстан Республикасының Патенттік Заңы»;

1999 жылғы 26 шілдеде № 456-І қабылданған «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шыққан жерін көрсету атаулары туралы» Заң;

2001 жылғы 29 маусымда № 217-ІІ қабылданған «Интегралдық микросхемалардың топологияларын қорғау туралы» Заң.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, зияткерлік меншікке интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері және жеке немесе заңды тұлғалардың өнімдерін, жұмыстарын немесе қызметтерін дараландыру құралдары (фирмалық атаулар, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және т.б.) жатады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І).

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншікті қорғау және қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты Әділет министрлігі жүргізеді. Интеллектуалдық меншік саласындағы сараптамалық ұйым ретінде Әділет министрлігіне қарасты «Ұлттық интеллектуалдық меншік институты» РММ қызмет атқарады (Төкенов, 2022: 158). Интеллектуалдық меншік құқығы келесі дербес институттардан тұрады: авторлық және сабақтас құқық, патенттік құқық, азаматтық айналым қатысушыларының, тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің дараландыру құралдары. Олардың тығыз байланысы мен бір-қатар ортақ белгілерінің болуына қарамастан, әрбір институт тек өзіне тән ерекшеліктерге ие,

бұл олардың тиісті нормаларында көрініс табады (Смайылова, Қраубаева, 2019: 99).

Осылайша, тәуелсіздік алғаннан кейін біздің елде интеллектуалдық меншік объектілерін тиімді қорғау жүйесі жұмыс істей бастады. Интеллектуалдық меншік объектілерінің бар болуы, құқық көлемі және пайдалану тәртібі анықталған бірнеше заң қабылданды: 1996 жылғы 10 маусымда № 6-І қабылданған «Авторлық хак және сабақтас мүдделер туралы» Заң; 1999 жылғы 13 шілдеде № 422-І қабылданған «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заң; 1999 жылғы 16 шілдеде № 427-І қабылданған «Қазақстан Республикасының Патенттік Заңы»; 1999 жылғы 26 шілдеде № 456-І қабылданған «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шыққан жерін көрсету атаулары туралы» Заң; 2001 жылғы 29 маусымда № 217-ІІ қабылданған «Интегралдық микросхемалардың топологияларын мүдделерді қорғау туралы» Заң.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, зияткерлік меншікке интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері және тұлғалардың, жеке немесе заңды тұлғалардың өнімдерін, жұмыстарын немесе қызметтерін дараландыру құралдары (фирмалық атаулар, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және т.б.) жатады (Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдегі № 409-І).

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншікті қорғау және қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты Әділет министрлігі жүргізеді. Интеллектуалдық меншік саласындағы сараптамалық ұйым ретінде Әділет министрлігіне қарасты РГП «Ұлттық интеллектуалдық меншік институты» қызмет атқарады (Тукенов, 2022: 158). Интеллектуалдық меншік құқығы келесі дербес институттардан тұрады: авторлық және сабақтас құқық, патенттік құқық, азаматтық айналым қатысушыларының, тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің дараландыру құралдары. Олардың тығыз байланысы мен бір-қатар ортақ белгілерінің болуына қарамастан, әрбір институт тек өзіне тән ерекшеліктерге ие, бұл олардың тиісті нормаларында көрініс табады (Смайылова, Қраубаева, 2019: 99).

Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне мыналар: ғылым, әдебиет және өнер туындылары; орындаулар, қойылымдар, фонограммалар және фирмалық және кабельдік хабар тарату ұйымдарының бағдарламалары; шығармашылық өнертабыстар, пайдалы модельдер,

өнеркәсіптік үлгілер; селекциялық жетістіктер; интегралдық микросхемалардың топологиялары; ашылмаған ақпарат, соның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау); Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе басқа нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген басқа да интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері кіреді (Мадиярова, Байтикенова, Турғанова, 2017). Қазақстан Президентінің 50 елдің қатарына қосылу міндеті еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық ғалымдарды, мамандарды және өнертапқыштарды белсендіруге қажет екенін көрсетеді. Қазақстан ғарыш бағдарламаларына, мұнай химиясы мен ядролық физикаға үлкен инвестициялар салуда. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа да интеллектуалдық қызмет қазіргі әлемдегі әскери, өнеркәсіптік, экологиялық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерімен де тығыз байланысты. Болашақта бұл фактор адамгершіліктің дамуына маңызды әсер ететіні анық (Жумажанова, 2021: 71). Жоғарыда айтылған бірқатар келісімшарттарға қол қойылса да қоғамда бұл меншік түрімен байланысты көптеген түсініксіз тұстар бар. Мәселен, зерттеуші Мазов өз мақаласында «зияткерлік меншік құқығының объектілері меншік иесіне иелікте болмайды, сондықтан интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне мүліктік немесе мүліктік емес құқықтары бар жеке тұлғалар санатын құқық иесі емес, «құқық иеленуші» терминімен белгілеу дұрысырақ» – деген (Мазов, 2016: 116). Сондықтан зияткерлік меншіктің ғылым саласында әлі де болса талқыланып, түрлі түсініксіз тұстарын шешу жолдарын қарастырылуы арқылы дамуы аса үлкен қажеттілік болып тұр.

Зерттеу нәтижелері мен талқы

Қазіргі кезде ислам зерттеушілері меншік мәселелеріне көп көңіл бөле бастады. Бұл, ортағасырлық тұжырымдарға сүйене отырып, қазіргі әлемдік тенденцияларға сәйкес меншік түсінігін қайта қарастыруды білдіреді. Мұндай талқылау меншік құқығына қатысты негізгі ұғымдарды қамтиды, оның ішінде «мал» (меншік) ұғымы да бар (Горшунов, 2010:4). «Мал» термині Қасиетті Құранның тоқсаннан астам аятында кездеседі, бірақ шарифаттың бұл негізгі қайнарында оның нақты анықтамасы берілмеген. Сондықтан ислам доктринасында «мал» ұғымын мәзһабтар әртүрлі түсінеді. Атап айтқанда, Ханафи мәзһабы «мал» ұғымын адамның қажеттілігіне сай

келетін және оны сақтау мүмкіндігі бар нәрсе деп түсіндіреді. Бұл көзқарасты одан әрі дамыта отырып, қазіргі мұсылман заңгерлері «малды» сақтауға болатын және оны табиғи жолмен иеленіп, пайдалануға рұқсат етілетін нәрсе ретінде қарастырады (Сюкияйнен, 2006: 139).

Құран мен сүннетте «мал» сөзі кеңінен қолданылғанымен, оның діни және құқықтық мағынасы айқын емес. Бұл тұжырымдаманың мазмұны адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес уақыт өте өзгеріп отырады (Çalış, 2003: 198). Жоғарыда айтылғандай, әртүрлі мәзһабтар меншік ұғымын әртүрлі түсіндіреді. Ханафи мектебінің анықтамасы бойынша, меншік тек нақты физикалық заттарды қамтиды (Orhan, 2012: 2517). Ханафи мәзһабына сәйкес, мүлік адамның табиғатына сай келетін және оны қажетті жағдайларда пайдалану мүмкіндігі бар зат. Мүлікті «жинақталуға немесе сақталуға болатын нәрсе» деп анықтайды. Ал Малики, Шафиғи және Ханбали мәзһабтары мүлікті «экономикалық мәні бар және қалыпты жағдайда өз еркімен пайдалануға болатын нәрсе» деп сипаттайды (Çalış, 2003: 200).

Ханафи мәзһабы бойынша, мүлік деп тану үшін зат қоғам тарапынан мойындалуы қажет. Егер бір нәрсе жалпыға міндетті болмаса да, жеке адамдарға қажетті болса, ол мүлік ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысалы, ескі көйлек кейбір адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін, бірақ ол жалпы мүлік ретінде танылмайды. Ханафи мәзһабы бойынша, ішімдік пен шошқа еті мұсылмандар арасында танымал болмаса да, мұсылман емес адамдар үшін мүлік ретінде қарастырылуы мүмкін. Ханафи ғұламалары мүліктің анықтамасын кеңірек түсінеді және заңдық құны жоқ заттарды да мүлікке жатқызады. Олар «үздіксіз тауарлар» ұғымын енгізіп, игіліктердің қаржылық құндылығы болуы мүмкін деп есептейді (Orhan, 2012: 2517). Осылайша, Ханафи мәзһабы меншік ұғымын нақты физикалық заттармен шектейді және оның қоғамның қажеттілігіне сәйкес келуін талап етеді. Ал басқа мәзһабтар меншік ұғымын экономикалық мәні бар және еркін пайдалануға болатын заттар деп қарастырады.

Ханафи мәзһабы бойынша мүліктің анықтамасына сәйкес, төмендегі екі басты шартқа сай болуы қажет: 1. Физикалық болмыс ретінде: мүлік тәуелсіз түрде жинақталуы немесе сақталуы мүмкін нақты физикалық объект болуы тиіс; 2. Пайдалану мүмкіндігі: мүлік қалыпты жағдайда қолдануға жарамды болуы керек (Çalış, 2003:

199). Осы анықтама негізінде, қарыздар, сервитуттар және білім мен ар-намыс сияқты рухани нәрселер мүлік ретінде қарастырылмайды (Orhan, 2012: 2517). Ханафи мәзһабы бойынша, бұл меншік ретінде мойындалмайды, сондықтан олар сотта қорғалмайды және мүлік жоғалған жағдайда оның орны толтырылмайды (Çalış, 2003: 199). Яғни, Ханафи мәзһабы бойынша мүлік екі шартты қанағаттандыруы қажет: нақты физикалық объект болуы және қалыпты жағдайда қолдануға жарамды болуы. Осы анықтама бойынша, моральдық мүдделер мүлік ретінде қарастырылмайды және олар сотта қорғалмайды. Ханафи мәзһабында мүліктік-пайыздық қатынастардың жалпы түсінігіне сәйкес, белгілі заңгер Қасани мүліктің заттай немесе пайда түрінде болуы мүмкін екенін атап көрсетеді. Бұл көзқарас Ханафи мәзһабында маңызды рөл атқарды (Çalış, 2003: 199).

Жоғарыда айтылған тауар анықтамасына сәйкес, бір нәрсенің тауар ретінде қарастырылуы үшін екі негізгі шарт болуы тиіс: 1. Экономикалық құндылық: бұл заттың адамдар үшін экономикалық мәні болуы қажет; 2. Занды танылуы: бұл құндылықтың заңды түрде бекітілуі керек. Ғалымдардың көпшілігі мүліктің негізгі мақсатын оның пайдасын және сол пайдаға байланысты құнын анықтайтынын айтады (Çalış, 2003: 200). Басқаша айтқанда, мүдделер мен құқықтар өздігінен тауар ретінде қарастырылады және заңды мәмілелердің объектісі болуы мүмкін. Осылайша, физикалық объектілерден бөлек, пайдалы рухани заттар, мысалы, авторлық және патенттік тауар ретінде қарастырылады деген түсінік қалыптасады (Orhan, 2012: 2518).

Ханафи мәзһабынан басқа мектептер мүліктің физикалық формада болуын міндетті шарт ретінде қарастырмаған. Бұл оларға ғибадаттар үшін ақы алу мүмкіндігін және Құрандағы мәһр туралы хадистерді негізге ала отырып, Құранның шеңбері мен уақытын анықтау арқылы ақы талап етуге мүмкіндік береді. Мәлики ғалымы Қарафи (қ.ж. 684/1285) және Шафиғи мәзһабының факих Хатиб Ширбини (өл. 977/1570) Құранды оқу мен орындау үшін ақы талап етуге болатыны жөнінде пікір білдірген (Sezer, 2000: 99). Ханбалилерден ибн Кудама (қ. 682/1283) бұл мәселені шартты деп есептеп, белгілі бір жағдайларда рұқсат етілгенін айтқан. Яғни, ерте кезеңде Ханафи мәзһабы мүлікті тек физикалық зат ретінде қарастырып, ал пайда мен құқықтарды мүлік ретінде мойындамаған. Басқа мәзһабтар мүліктің заттық және пайда түрлерін тең деп

санаған. Ерте кезеңдерде Ханафи заңгерлері мүлік ұғымын нақтылау үшін маңызды мәліметтер ұсынды. Олар қажеттілік пен сұранысқа негізделген әдістерді қолданды, сондай-ақ мәтіндерге сүйеніп, истиһсан ұғымына қатысты жетімдер мен арнайы тауарларға қатысты ерекше жағдайларды белгіледі. Бұл қадам Ханафи мәзһабында мүліктің анықтамасын кеңейтіп, пайызды да мүлік категориясына қосуға жол ашты (Orhan, 2012: 2518).

Экономикалық және әлеуметтік өзгерістер дәстүрлі исламдық мораль мен өмір салтына әсер етті. Мысалы, тауардың анықтамасын жаңартып, құқықтар мен мүдделерді меншік ретінде мойындады. Бұл өзгеріс Ханафи мәзһабында мүліктің анықтамасы мен көлеміндегі кемшіліктерді жойып, қаржылық құндылығы бар барлық нәрселерді тауар ретінде қарауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Ханафи мәзһабындағы меншіктік түсініктер арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар жойылды. Ханафи мәзһабының меншіктік түсінігін кеңейтуі уақыттың өзгерістеріне сәйкес келіп, қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерге жауап берді. Бұл көзқарас мүліктің құқықтық аспектілерін заманауи талаптарға бейімдеп, құқықтар мен мүдделерді тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Исламда мүліктің заңдылығын бағалау көбінесе діни талаптарға байланысты екенін көру оңай. Құранда шошқа етін жеуге, ішімдік ішуге және құмар ойындарға тыйым салу нақты көрсетілген. Бұл ережелер сүннетпен бірге, яғни Мұхаммед Пайғамбардың іс-әрекеттері мен хадистерімен түсіндірілетін тәжірибемен қатар, мүлікті бастапқыда және түпкілікті түрде Аллаға тиесілі деп танудың негізін құрайды. Бұл тұжырым Құранның көптеген аяттарында, дәлірек айтқанда- Та-һа: 6, Мәида: 120, Бақара: 29, Ибраһим: 32–34, Нахыл: 53, Әнғам: 165, Юнус: 14 аяттарында, көрініс тапқан, (Сюкияйнен, 2006: 139). Осылайша, исламда мүліктің заңдылығы діни талаптарға негізделеді. Құранда белгілі заттар мен әрекеттерге тыйым салу, мысалы, шошқа етіне, ішімдіктерге және құмар ойындарға, мүліктің Аллаға тиесілі екендігін және оның заңдылығын тексеру үшін негізгі ережелерді анықтайды.

Ислам заңгерлерінің көпшілігі зияткерлік меншік құқығының заңды хақ екенін мойындады. Құранда зияткерлік меншік құқығының заңдылығын көрсететін көптеген аяттары бар, мәселен Бақара сүресінің 188 аятында бір-біріңнің мал мүлкін харам жолмен жемендер; сондай-ақ,

оларды өздеріне тиесілі болмаған дүниені алмаңдар деген түсініктер жазыған. Исра сүресінің 36 аятында өзің нақты білмейтін нәрсенің соңына түспе! Шындығында адам баласы құлақ, көз және жүрек сынды дене мүшелерін қалай басқарып қолданғанына қатысты Алланың алдында жауапқа тартылатыны туралы жазылған (Әкімханов, Анарбаев, 2020: 1). Бақара сүресінің 188 аятында жағымсыз істері мен қолдарына тиген мәз болғандарды һәм қолдарының ұшы тимеген істерді иемденіп, өздері атқарғандай мақтау естігенді қалайтындарды ойлама. Олар үшін жан төзгісіз азап бары туралы жазылған. Ақиқатында, адамға еңбек еткеннен басқа ешнәрсе тиесілі емес деген аяттарда адамның еңбек ету арқылы жасаған нәрсесі оған тиесілі екендігі баяндалады. Зияткерлік өнімдер – бұл өнім иесінің ұзақ күш-жігер жұмсаудың нәтижесінде пайда болған еңбек. Демек, аятта айтылғандай еңбек оны жасаған адамға тиесілі болуы керек. Тарихи оқиғаларды баяндаған аяттарда Алла Тағала Сүлеймен, құрсау құс, құмырсқа сияқты кейіпкерлер мен олардың диалогтарын нақты түрде сипаттайды. Алла Тағала әрқайсысының сөздерін дәлме-дәл келтіріп, оларды кімнің айтқанын нақты көрсетеді. Бұл авторлық мүддемен қорғалған туындылардың авторларға тиесілі екенін және шығармаларға сілтеме жасағанда авторлардың атын атамай пайдаланудың дұрыс болмайтынын көрсетеді (Saban, 2020: 169).

Сүннет көптеген діни мәселелерді ашып берген, соның ішінде зияткерлік меншік түсінігін де анықтап көрсетеді. Мұхаммед Пайғамбардың: «Адамның ең жақсы жейтін тамағы – өз қолының еңбегімен тапқаны», – деп қол еңбегін жоғары бағалағаны белгілі (Saban, 2020: 170). Сондықтан, еңбекпен жасалған зияткерлік еңбектерді заңмен қорғау өте маңызды. Зияткерлік меншік құқығы ең жақсы табыс ретінде қарастырылып, заңмен қорғалуы тиіс.

«Адам баласы дүниеден өткен соң оның амалының барлығы үзіледі (тоқтайды), тек үш түрлі амалы үзілмейді: жария берген садақасы, артынан қалдырған пайдалы ілімі немесе оған дұға жасайтын салиқалы ұрпағы», – деп айтылған хадисте. Имам Науауи (қ.б.676/1277) хадисті былай деп түсіндіреді: «Адамның істері оның өлімімен аяқталады. Енді оған ешқандай сый жазылмайды. Алайда хадисте айтылған үш амалдың әсері үзілмейді. Қайтыс болғаннан кейін де бұл адамдардың жасаған амалдары амал дәптеріне жазылып отырады. Оның себебі, бұл істерді олар тірі кезінде жасаған».

Хадисте айтылған үш нәрсенің бірі ретінде пайда алып келетін білім белгіленген. Зияткерлік өнімдер – бұл адам баласы пайда алатын ғылыми дағдылармен жасалған шығармалар. Адам тірі кезінде ғылыми зерттеулер жүргізіп, осы зерттеулердің нәтижесінде зияткерлік өнімдер жасайды. Бұл туындылар оның еңбегімен жасалғандықтан және оның дүниеден өткенінен кейін де оның амал дәптері ашық тұрып, оны жазып тұруына мүмкіндік беретіндіктен, олар иесіне тиесілі болуы керек. Себебі, басқа адамдардың емес, ғылыми еңбек оны жасаған адамның амал дәптерін ашады.

«Кімде-кім әлі ешкім қолға түсірмеген нәрсені бірінші рет қолға алса, сол зат соған тиесілі». Ислам шариғатында бұрын ешкім қолға алмаған нәрселерді алу (ихразул-мубах) иелік ету себептерінің бірі болып саналады. Зияткерлік меншікке ие болу да осы түрге жатады. Өйткені әлі ешкімнің қолынан келмеген идея, оны алғаш ойлап тауып, шығармаға айналдырған адамның меншігіне айналады (Saban, 2020: 170).

«Сендердің өмірлерің, мал-мүлкілерің, арнамыстарың қасиетті. Олар әртүрлі қиянат жасаудан қорғалған», – деп Мұхаммед Пайғамбар мүміндердің өмірі, мал-мүлкі және арнамысының қасиетті екенін атап өткен. Бұл қағиданы негізге ала отырып, зияткерлік меншік те барлық әділетсіздік пен бұзушылықтардан қорғалуы керек деген қорытындыға келуге болады. Ислам зерттеушілерінің көпшілігі мүдделердің меншік ретінде қарастырылатынын айтады, ал зияткерлік меншік те мүдде болып табылатындықтан, меншік ретінде қарастырылуы тиіс. Мұхаммед Пайғамбар: «Кім бізді алдаса, ол бізден емес», – деген (Saban, 2020: 171). Зияткерлік меншік құқықтары да осы хадистің аясына жатады, себебі зияткерлік меншік иесінен басқа біреуге тиесілі болу – ол адамды алдау болып табылады, ал дін оған тыйым салады.

Ислам құқығында әдет-ғұрып шариғат заңымен теңестіріледі және қажеттілік кезінде қолданылады. Қазіргі уақытта зияткерлік меншік көптеген мұсылман және мұсылман емес елдерде заңды хақ ретінде танылады, ал мемлекеттер ұлттық және халықаралық деңгейде оларды қорғайтын заңдар қабылдап, жүзеге асырады. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМУ) конвенциясына 193 елдің қатысатыны бұл мәселенің кеңінен таралғанын көрсетеді.

Әдет-ғұрып, мәслаһа сөзі, шариғат тұрғысынан, қоғамның игілігіне немесе пайдасына қатысты қолданылатын түсінік. Усулилердің

(ислам құқықтанушыларының) түсінігінше, мәслаһа шариғаттың негізгі мақсаттары мен принциптеріне сәйкес келетін қасиеттерді білдіреді (Saban, 2020: 172). Бұл қасиеттер негізінде шариғат үкімдері қалыптастырылады, яғни қоғамның мүддесі мен әділеттілігі үшін шешімдер қабылданады.

Зияткерлік меншік контекстінде, мәслаһа тұжырымдамасы ғылыми зерттеулердің дамуына және авторлардың мүдделерін қорғауға ықпал ету арқылы жалпы қоғамға пайда әкелуін білдіреді. Бұл авторларға олардың еңбектері үшін әділ төлем алуына мүмкіндік береді, сонымен қатар инновациялар мен жаңа идеялардың даму жолында ынталандыру ретінде қызмет етеді. Сондықтан, зияткерлік меншік мүдделерін заңды хак ретінде қабылдау мәслаһа түсінігімен үйлеседі, өйткені ол шариғаттың қоғамның пайдасын арттыру және әділдікті қамтамасыз ету сияқты мақсаттарына сай келеді. Көріп отырғанымыздай, зияткерлік меншік мүдделерін заңды хак ретінде қабылдаудың жеке және жалпы пайдасы бар. Мәслаһаның ислам құқығының қайнар көздерінің бірі екенін ескерсек, зияткерлік меншік құқығының мәслаһа дәлелдерімен бекітілгенін анық айтуға болады.

Зияткерлік меншік құқығының заңды хак екенін растайтын көптеген фикһ ережелері бар. Бұл ережелердің кейбірі: ол «иснад». Телу, тізбек немесе риуаятта біреуге сүйену, хадисті кімнен естігенін, яғни хадистің шынайылығын айқындау (Құрманбаев, 2017: 291). Яғни риуаятшының тізбегін көрсету арқылы риуаят еткен хадис Мұхаммед Пайғамбарға жеткізіледі. Бір хабарды немесе хадисті айтқан адам оны кімнен естігенін көрсетуі керек, өйткені хабардың дұрыстығы оны жеткізушілердің сенімділігімен тығыз байланысты. Абдулла Ибн Мүбәрәк (ө.181/797) иснад туралы былай деген: «Иснад діннен. «Егер айыптау болмаса, әркім өз ойын айтатын еді». Имам Шафиғи (қ.ж.204/820) былай деген: «Хадис үйрену түнде қараңғыда ағаш жинаумен салыстырылады, себебі иснадсыз хадистердің сенімділігі анықталмайды». Сахабалар дәуірінен кейін хадис жинау мен жеткізудің дәстүрі қалыптасты. Иснад арқылы хадистің сенімділігі тексеріліп, білімнің дәл берілуі қамтамасыз етілді.

Жоғарыда айтылғандай, батыста XV ғасырда баспа машинасының пайда болуы зияткерлік меншік құқығын қорғаудың маңыздылығын арттырды. Кейінгі бірнеше ғасырларда бұл құқықты қорғайтын заңдар қабылданып, ұлттық және

халықаралық деңгейде күшіне енді. Ислам мемлекеттерінде заңдастыру қозғалыстарына дейін бұл салада ешқандай арнайы реттеу болмағанымен, ислам ғалымдары зияткерлік меншікті заңды деп танып, еңбек иесінің өз жұмысын түрлі заң бұзушылықтардан қорғауға тырысты (Saban, 2020: 179).

Ахмад ибн Ханбал: «Егер жолда табылған бір параққа жазылған хадистер болса, оны тапқан адам бұл риуаяттарды парақ иесінің рұқсатынсыз жаза ала ма?» деп сұрағанда, «Жок, иесінің рұқсатынсыз жаза алмайды» деп жауап берген (Saban, 2020: 179).

Әбу Абдулла Мұхаммед әл-Куртуби: «Мен жазған тәпсірдегі (әл-Кәми'у ли Ахками'л-Құран) ұстанымым – сөздерді иелеріне, хадистерді жіктеушілеріне жатқызу. Өйткені сөзді шын иесіне жатқызу – білімнің нығметтерінің бірі», – деген. Әбу Зәкәрия Мухйиддин ан-Науауи былай дейді: «Басқа біреудің шығармасына өзгерістер енгізуге болмайды. Егер риуаятта немесе жіктеуде ғалымдардың көпшілігінің пікіріне қайшы келетін қателік болса, оны кітапты өзгертпей, тек ескертпелер арқылы түзетіп, дұрыс ақпаратты көрсету қажет» (Saban, 2020: 180).

Мұхаммед Жамалуддин әл-Қасими (қ.ж. 1332/1914) былай дейді: «Кітап классификациясында ең маңызды нәрсе – артықшылықтар мен мәселелерді авторларына дұрыс түрде сілтеме жасап көрсету. Сондықтан менің жазбаларымда сіз барлық аударымдардың өз иелеріне сілтеме жасау арқылы тиесілі екенін көресіз». Әбу Ибрахим әл-Музани (қ. 262/878) өзінің «Мұхтасар» кітабының басында тазалық тақырыбын талқылай келе: «Тазалық кітабы – Имам Шафиғи» деп жазады. Музани аятты тікелей келтіре алатын болса да, оны келтірмей, Имам Шафиғидің сөзіне сілтеме келтірді (Saban, 2020: 180). Бұл оның ғылыми сенімділікке деген үлкен құрметін көрсетеді.

Мұндай сипаттама ислам зерттеушілері арасында қалыпты жағдай деп айтуға болмайды. Сынның соншалықты болуы ислам құқығында зияткерлік меншік құқығының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Классикалық кезеңдегі ислам фақиһтерінің зияткерлік меншікті қолдайтын сөздерін ескере отырып, исламда зияткерлік меншік мүдделері ерте дәуірлерден бастап заңды деп саналғанын көруге болады.

Сілтеме жасағанда тырнақшаға алынған сөздер авторлық хактың тек моральдық аспектілерін ғана қамтып, материалдық мүдделерді толықтай есепке алмады деп айтуға болады.

Бірақ сол кезеңдегі әдет-ғұрыптарды ескерсек, бұл сөздер сол дәуірдің мәдени контекстіне сәйкес айтылғанын түсінеміз. Өйткені сол уақытта зияткерлік меншіктің моральдық аспектілері қарастырылғанымен, материалдық аспектілер күн тәртібінен тыс қалған. Бүгінгі күні зияткерлік меншіктің материалдық өлшемі заңды жақ ретінде әдетке айналған деп айтуға болады. Қазіргі зерттеушілер зияткерлік меншікті материалдық және моральдық тұрғыдан заңды деп қарастырады. Егер классикалық кезеңдегі ислам фақиһтері зияткерлік меншіктің материалдық аспектілерін бірінші орынға қойған болса, олар бәлкім бұл хақтың материалдық жағын да заңды жақ ретінде қабылдар еді.

Қорытынды

Меншік ұғымы алғашқы адамзат пайда болған кезеңнен бастап қалыптасты деп айтуға болады, бірақ зияткерлік меншік деген ұғым қоғамда баспа жабдықтарының пайда болуынан бастап маңызды рөл атқара бастады. Қазіргі кезде ол материалдық мәнге ие болып, адамдар арасында күн ретінде қарастырылады. Жаңа технологиялардың дамуымен зияткерлік меншік барлық салаларда орын алуда. Уақыт пен күш-жігер жұмсап жасаған еңбек туындыларына адамның белгілі бір мүдделері пайда болады.

Ислам адамды маңызды орынға қояды, сондықтан ислам фақиһтері ерте кезеңдерден бастап зияткерлік меншікті этикалық ережелер аясында қорғаған. Мүдделердің басқа адамдар тарапынан тартып алынуы немесе иесінің келісімінсіз пайдаланылуы мәселесі кезінде арнайы ережелер болған. Батыс бұл түсінікті заң жүзінде қорғауды бастағанымен, ислам олардан бұрын іс жүзінде қорғаған.

Зияткерлік меншікті зерттеу мемлекет заңдары мен ислам құқығын салыстыру арқылы жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Зияткерлік меншік алғаш рет зерттеліп, оның табиғаты анықталғаннан кейін, қазіргі ислам зерттеушілері бұл мәселені ислам тұрғысынан қарастыруға кірісті. Қазіргі ислам зерттеушілері зияткерлік меншікті материалдық және моральдық тұрғыдан заңды деп қарастырады. Бірақ кейбір ғалымдар, мәселен Мұстафа әз-Зарқа, бұл пікірмен келіспеді. Оның айтуынша, зияткерлік меншіктің материалдық негізі жоқ, сондықтан олар заттық жаққа жатпайды. Осылайша, зияткерлік меншікті жаңа топқа жатқызу керек деген пікір айтады.

Мемлекеттік заңдарда зияткерлік меншік материалдық емес объектілерге қатысты қарастырылады. Ислам зерттеушілері зияткерлік меншікті мемлекет заңдарынан өзгеше қарастырады. Исламда меншікті тек материалдық заттарға ғана емес, материалдық емес нәрселерге де бекітуге болады. Сондықтан зияткерлік меншікті заттық жақ ретінде қарастыруға болады деп есептеледі. Бұдан басқа, кейбір ислам ғалымдары «мәслаһа» ұғымын негізге алып, зияткерлік меншікті «шариғатқа сәйкес игілік» ретінде анықтайды. Зияткерлік меншікті жеке және заттық жақ ретінде қарастыру қажет, өйткені бұл ислам жүйесіне сәйкес келеді деп санайды. Исламда нақты және жеке жақ зияткерлік меншікті заттық және жеке жақтар санатына жатқызады.

Мұстафа әз-Зарқа «аралас жақ» түсінігін қолдана отырып, бұл ислам құқығымен үйлесімді екенін көрсетеді. Ертедегі Ханафи фақиһтері мүдделерді мүлік деп санамаған, себебі олар пайда болғаннан кейін жоғалады және жинақталмайды деп санаған. Зияткерлік меншік меншікті білдірмейді деп пікір білдірген. Алайда, қазіргі ғалымдар зияткерлік меншікті заңды жақ ретінде қабылдауға негізделген түрлі пікірлерді ұсынады. Ислам әдебиетінде «мүлік» ұғымын ғалымдар әртүрлі түрде түсіндіргенімен, анықтамалар негізінен бірдей немесе ұқсас мағынада болып келеді. Осы негізде, меншік құқығына қатысты мынадай қорытындылар жасауға болады: меншік тек меншік иесіне сол мүлікті пайдалану мүддесін береді; меншік иесінің келісімінсіз меншікке ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды; меншік белгілі бір мүлікті немесе үлесті ақылы түрде басқа тұлғаға беру мүмкіндігін қарастырады. Ислам ғалымдарының меншік ұғымына деген әртүрлі көзқарастарын ескере отырып, ғалымдардың пікірі бойынша, зияткерлік меншік ислам жүйесінде мойындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 6-бабында меншік құқықтары танылып, қорғалатыны, сондай-ақ меншік иесінің мүлкін пайдалану тек жеке пайда үшін ғана емес, қоғамның игілігіне де қызмет етуі қажет екені белгіленген. Бұл қағида меншік иелерінің өз мүдделерін жүзеге асыру барысында қоғам алдындағы жауапкершіліктерін ескереді. Конституцияда меншік субъектілері мен объектілерінің, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру шектері мен көлемі және оларды қорғау кепілдіктері заңмен айқындалатыны көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 27.12.1994 жылғы Азаматтық кодексінің 188-бабында меншік ұғымы мен мазмұны нақты бекітілген. Азаматтық кодекстің бұл бабында меншік құқығы субъектінің заң бойынша танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті пайдалану, иелену және оған билік ету құқығы екені атап өтілген. Бұл құқық мәміле жасалған кезде оның барлық міндеттемелерімен басқа адамға берілуі мүмкін екенін де белгілейді. Яғни, меншік құқығы тек материалдық мүліктерге қатысты ғана емес, сонымен қатар, меншік иесінің интеллектуалды еңбегінің нәтижесіне де қатысты қолданылады.

Зияткерлік меншіктің құқықтық реттелуі әрқашан қоғамдағы мәдени, рухани, ғылыми талаптарға байланысты өзгеріп отырған. Ерте кезеңдерде бұл меншік түрі әдетте арнайы құ-

қықтық механизмдермен қамтылмаса да, бүгінгі таңда мемлекет пен діннің заңды негізінде анықталып, реттеліп отыр. Қазақстан Республикасы заңнамасында да зияткерлік меншікке деген құқықтарды тану және қорғау мәселелері терең қарастырылған.

Қазіргі білім экономикасы дәуірінде зияткерлік меншік ғылым мен өндіріс саласында маңызды рөл атқарады. Осы салада заңды реттеу әсіресе цифрлық технологиялардың дамуы мен интернеттің кеңеюіне байланысты ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл жағдайда зияткерлік меншіктің құқықтық мәртебесін жаңадан қарастыру, оның қорғалуын қамтамасыз ету және оның қоғамға пайдалы қолданылуын қамтамасыз ету үшін теориялық зерттеулерді тереңдету қажет.

Әдебиеттер

- Amangeldi, A. (2023). Relationship of intellectual property law with criminal legislation and legislation on administrative offenses. *Vestnik KazNU. Law Series*, 107(3), 42–50. <https://doi.org/10.26577/JAPJ.2023.v107.i3.06>
- Çalış, H. (2003). İslâm hukuku literatüründe eşya hukukunun temel kavramları ve konu ve kapsam açısından ‘Milk’ terimi. – *Istanbul: İslam Hukuku Araştırmaları Dergisi*, 185–205. <https://doi.org/10.59777/ihad.1273365>
- Orhan, F. (2016). İslam hukuku açısından manevî hak kavramı (telif hakkı özelinde). *Journal of International Social Research*, 9(43).
- Saban, A. (2020). İslâm hukuku ve beşeri hukukta fikri mülkiyet hakları. – *Istanbul: İstanbul Sabahattin Zaim Üniversitesi Lisansüstü Eğitim Enstitüsü*. – 228.
- Sezer, A. (2000). Telif hakları özelinde İslam hukukunun fikri mülkiyet yaklaşımına dair bir araştırma. – *Çorum: Hitit Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 19(2), 981–1011.
- Горшунов, Д.Н. (2010). Частное право и ислам. *Ученые записки Казанского университета. Серия Гуманитарные науки*, 152(4), 44–52.
- Жумажанова, Ж.А. (2021). Защита интеллектуальной собственности в Казахстане: проблемы и перспективы. *Вестник науки*, 2-12(45), 71–79.
- Кабай, М. (2013). История становления института интеллектуальной собственности. *Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания*, (19), 169–173.
- Әкімханов А., Анарбаев, Н. (ауд.) (2020). Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы: Таным. – 624.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). – 1999 жылғы 1 шілде, № 409-І.
- Құрманбаев, Қ. (2017). Хадис ілімі (тарихы және әдіснамасы). 3-басылым. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы. – 300.
- Мадиярова, Э.С., Байтикенова, Г.А., Турғанова, Б.Б. (2017). Интеллектуальная собственность в Казахстане: понятие, виды, объекты. *Евразийский Союз Ученых*, 12-2(45), 33–37.
- Мазов, Е.А. (2016). Объект уголовно-наказуемого нарушения прав интеллектуальной собственности. *ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы*, 51(3), 112–116.
- Рарова, Е. С. (2021). Проблема защиты прав интеллектуальной собственности. *Трибуна ученого*, (2), 245–250.
- Солодова, Г.С. (2006). Некоторые воззрения христианства: собственность, богатство и бедность. *Всероссийский экономический журнал ЭКО*, 1(379), 161–178.
- Сурхаев, И.Д. (2016). Анализ некоторых объектов интеллектуальной собственности. *Экономика. Бизнес. Банки*, 114–120.
- Сюкияйнен, Л. (2006). Мусульманское право собственности: юридическое осмысление религиозных постулатов. *Россия и мусульманский мир*, (3), 139–149.
- Смаилова, И.Е., Краубаева, Д.Б. (2019). Об особенностях институтов права интеллектуальной собственности. *ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы*, 67(3), 99–103.
- Тукенов, А.Е., Воронова, Т.Э. (2022). Защита и охрана прав интеллектуальной собственности в Республике Казахстан. *Вестник Торайгыров университета. Серия юридическая*, (1), 158–165. <https://doi.org/10.48081/XUTZ8999>

References

- Amangeldy, A. (2023). Relationship of intellectual property law with criminal legislation and legislation on administrative offenses. *Vestnik KazNU. Law Series*, 107(3), 42–50. <https://doi.org/10.26577/JAPJ.2023.v107.i3.06>
- Çalış, H. (2003). İslâm hukuku literatüründe eşya hukukunun temel kavramları ve konu ve kapsam açısından ‘Milk’ terimi [The fundamental concepts of property law in Islamic legal literature and the term ‘Milk’ in terms of subject and scope]. *İslam Hukuku Araştırmaları Dergisi*, 185–205. <https://doi.org/10.59777/ihad.1273365> (in Turkish)
- Gorshunov, D. N. (2010). Chastnoe pravo i Islam [Private law and Islam]. *Uchenye Zapiski Kazanskogo Universiteta. Seriya Gumanitarnye Nauki*, 152(4), 71–79 (in Russian)
- Kabaj, M. (2013). Istorija stanovlenija instituta intellektual’noj sobstvennosti [The history of the formation of the intellectual property institution]. *Intellektual’nyj Potencial XXI Veka: Stupeni Poznaniya*, (19), 169–173. (in Russian)
- Kazakstan Respublikasynyn azamattyk kodeksi (erekshe bolim) [The Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special Part)] No. 409-I dated July 1, 1999. (in Kazakh)
- Kurmanbaev, K. (2017). Hadis ilimi (tarihy zhane әdisnamasy). 3-basylym [The science of Hadith (history and methodology) – 3rd edition]. – Almaty: Nur-Mubarak baspasy. – 300. (in Kazakh)
- Akimkhanov, A., & Anarbayev, N. (tr.) (2020). Kuran Karim. Kazaksha tusindirmeli audarma [The Holy Quran. Explanatory translation in Kazakh]. – Almaty: Tanyim. – 624. (in Kazakh)
- Madijarova, J. S., Bajtikenova, G. A., & Turganova, B. B. (2017). Intellektual’naja sobstvennost’ v Kazahstane: ponjatie, vidy, ob’ekty [Intellectual property in Kazakhstan: Concept, types, and objects]. *Evrasijskij Sojuz Uchenyh*, 12-2(45), 33–37. (in Russian)
- Mazov, E. A. (2016). Obekt ugolovno-nakazuemogo narusheniya prav intellektual’noj sobstvennosti [The object of a criminal offense involving the violation of intellectual property rights]. *KazU’U Habarshysy. Zan`serijasy*, 51(3), 112–116. (in Russian)
- Orhan, F. (2016). Islam hukuku açısından manevî hak kavramı (telif hakkı özelinde) [The concept of moral rights in Islamic law (with a focus on copyright)]. *Journal of International Social Research*, 9(43). (in Turkish)
- Rarova, E. S. (2021). Problema zashhity prav intellektual’noj sobstvennosti [The problem of protecting intellectual property rights]. *Tribuna Uchenogo*, (2), 245–250. (in Russian)
- Saban, A. (2020). İslâm hukuku ve beşeri hukukta fikri mülkiyet hakları [Intellectual property rights in Islamic law and civil law]. – Istanbul: İstanbul Sabahattin Zaim Üniversitesi Lisansüstü Eğitim Enstitüsü. – 228. (in Turkish)
- Sezer, A. (2000). Telif hakları özelinde İslam hukukunun fikri mülkiyet yaklaşımına dair bir araştırma [A study on the approach of Islamic law to intellectual property with a focus on copyright]. *Hitit Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 19(2), 981–1011. (in Turkish)
- Solodova, G. S. (2006). Nekotorye vozzreniya hristianstva: sobstvennost’, bogatstvo i bednost’ [Some views of Christianity: Property, wealth, and poverty]. *Vserossiyskij jeekonomicheskij zhurnal JeKO*, 1(379), 161–178. (in Russian)
- Surhaev, I. D. (2016). Analiz nekotorykh obektov intellektual’noj sobstvennosti [Analysis of certain intellectual property objects]. *Jekonomika. Biznes. Banki*, 114–120. (in Russian)
- Sjukijajnen, L. (2006). Musul’anskoe pravo sobstvennosti: juridicheskoe osmyslenie religioznykh postulatov [Muslim property law: Legal interpretation of religious postulates]. *Rossiya i Musul’anskij Mir*, (3), 139–149. (in Russian)
- Smailova, I. E., & Kraubaeva, D. B. (2019). Ob osobennostyah institutov prava intellektual’noj sobstvennosti [On the peculiarities of the institutions of intellectual property law]. *KazUU Habarshysy. Zan serijasy*, 67(3), 99–103. (in Russian)
- Tukenov, A. E., & Voronova, T. J. (2022). Zashhita i ohrana prav intellektual’noj sobstvennosti v Respublike Kazahstan [Protection and safeguarding of intellectual property rights in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Torajgyrov Universiteta. Juridicheskaja Seriya*, (1), 158–165. <https://doi.org/10.48081/XUTZ8999> (in Russian)
- Zhumazhanova, Zh. A. (2021). Zashhita intellektual’noj sobstvennosti v Kazahstane: problemy i perspektivy [Protection of intellectual property in Kazakhstan: Problems and perspectives]. *Vestnik Nauki*, 2(12), 71–79. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет

Мелісова Балжан Мелісқызы (корреспондент-автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: b.melissova@gmail.com).

Әлмұхаметов Әли Рауфұлы – философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті дінтану ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: alirau59@mail.ru).

Құрманәліева Айнұр Дүрбелеңқызы – философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан, e-mail: ainura.kurmanalieva@kaznu.kz).

Жамашев Азамат Шұтбайұлы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: azamat.jamashhev@mail.ru).

Information about the authors

Melissova Balzhan Melisqyzy (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, email: b.melissova@gmail.com).

Almukhametov Aliy Raufuly – Candidate of Philosophy, Docent of the Department of Religious of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, email: alirau59@mail.ru).

Kurmanaliyeva Ainur Durbelenkyzy – Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Head of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, ainura.kurmanalieva@kaznu.kz).

Zhamashev Azamat Shutbaiuly – PhD, Associate Professor of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: azamat.jamashev@mail.ru).

Информация об авторах

Мелисова Балжан Мелискызы (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: b.melissova@gmail.com).

Альмухаметов Алий Рауфулы – кандидат философских наук, доцент кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: alirau59@mail.ru).

Курманалиева Айну́р Дурбелиновна – доктор философских наук, профессор, заведующая кафедрой религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ainura.kurmanalieva@kaznu.kz).

Жамашев Азамат Шутбаевич – PhD, ассоциированный профессор кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: azamat.jamashev@mail.ru).

31 тамыз, 2024 ж. тіркелді.
13 наурыз, 2025 ж. қабылданды.

Zh. Kabidenova* , **A. Turlybekova** 

Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

*e-mail: zhuldyz.kabidenova@gmail.com

THE ROLE OF RELIGION IN MIGRATION PROCESSES: RESEARCH DISCOURSES

- Kazakhstan Ijarah Company (n.d.). Installment sales (Murabaha). https://kic.kz/?page_id=2457 [Accessed on: 27 October 2024]
- Khattab, Mustafa (n.d.). English Translation of meaning of Surah Al-Baqara. <https://quran.com/2?startingVerse=275>
- Lal, R.D. (2013). Islamic finance versus conventional finance and the taxation consequences. <https://open.uct.ac.za/items/f2eaf96-220b-41d1-9cac-642cd0cf2126>
- Law of the Republic of Kazakhstan on Bank and Banking Activities (2024). <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z950002444>
- Maggs, P.B. (2011). Islamic banking in Kazakhstan law. https://www.researchgate.net/publication/233631402_Islamic_Banking_in_Kazakhstan_Law
- MCCA (n.d.). MCCA's Finance Products. <https://mcca.com.au/finance-products/> [Accessed on: 2 November 2024]
- Ministry of Labor Affairs (2021). Law of Malaysia, Act 53, Income Tax Act 1967, As at 1 March 2021. Available at: <https://malaysia.mol.go.th/wp-content/uploads/sites/14/2024/09/Malaysia-Income-Tax-Act-1967.pdf>
- Nagayev, R., & Stambakiyev, N. (2022). Islamic Finance Industry in Kazakhstan: Then and Now. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 29(1), 61–71. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2022.v29.i1.r8>
- National Bond (n.d.). Al Manassah. <https://www.nationalbonds.ae/almanassah> [Accessed on: 3 November 2024].
- Pakistan Federal Board of Revenue (2001). Income Tax Ordinance. <https://download1.fbr.gov.pk/Docs/2024751675120641IncomeTaxOrdinance,2001-amended-upto30.06.2024.pdf>
- Saheeh International Translation (2010). The Quran with Surah Introductions and Appendices. <https://www.kalamullah.com/Books/Quran%20-%20Saheeh%20International%20Translation%20.pdf>
- Shoev, M. (2024). *Compliance of Islamic banking law with Shariah requirements: Case of Tajikistan*. Available at <https://revista.unicuritiba.edu.br/index.php/RIMA/article/view/7188>
- Specialized Interdistrict Economic Court of Almaty City (2024). Reshenie Delo №7527-24-00-2/1980. 10 mai, 2024. [Decision Case No. 7527-24-00-2/1980, 10 may, 2024]. – Almaty, Kazakhstan. (in Russian)
- Taqi Usmani, M. (2022). Translation of the Quran. https://islamicbulletin.org/en/ebooks/quran/english_quraan_mufti_taqi.pdf
- Taqi Usmani, M. (2010). Post-crisis reforms. http://www.islamic-finance.com/library/Usmani_Davos_speech.pdf
- UAE Federal Tax Authority (2024). Determination of taxable income. <https://tax.gov.ae/DataFolder/Files/Pdf/2024/Determination%20of%20Taxable%20Income%20-%2031%2007%202024.pdf>
- Wikipedia (n.d.). Islamic finance products, services, and contracts. https://en.wikipedia.org/wiki/Islamic_finance_products,_services_and_contracts [Accessed on: 20 October 2024]

Information about authors:

- Shoev Mahmadrusi (corresponding author) – PhD student of the Department of Islamic Studies at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mshoev@gmail.com).
- Mukhitdinov Rashid Srajuly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com).
- Anarbayev Nurlan Sailauuly – PhD, Acting Assistant Professor of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: islamtanu2019@gmail.com).
- Abozaid Abdulazeem – PhD, Professor of the Faculty of Islamic Studies at Hamad bin Khalifa University (Doha, Qatar, e-mail: abdulazeem.abozaid@mymail.academy).

Авторлар туралы мәлімет:

Шоев Махмадрузи (корреспондент-автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті исламтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: mshoev@gmail.com).

Мұхитдинов Рашид Сражұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com).

Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің доценті м.а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: islamtani2019@gmail.com).

Абузайд Абдулазим – PhD, Хамад бен Халифа университеті Исламтану факультетінің профессоры (Доха, Катар, e-mail: abdulazeem.abozaid@mytail.academy).

Сведения об авторах:

Шоев Махмадрузи (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры исламоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: mshoev@gmail.com).

Мухитдинов Рашид Сражұлы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com).

Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы – PhD, и.о. доцента Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: islamtani2019@gmail.com).

Абудаид Абдулазим – PhD, профессор факультета исламских исследований Университета Хамада бин Халифы (Доха, Катар, e-mail: abdulazeem.abozaid@mytail.academy).

Registered on November 22, 2024.

Accepted on March 2, 2025.

Н. Балпанов¹, Н. Түтінова^{2*}, Т. Аманкүл³

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: nurtut29@gmail.com

ЖАҒАНДАНУ МЕН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОКОНФЕССИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘСЕРІ

Бұл мақалада жағандану мен жаңғырту үдерістерінің Қазақстандағы этноконфессиялық, этносаралық және конфессияаралық қатынастарға әсері қарастырылады. Этносаралық және конфессияаралық қатынастарда ғана ретке келтіруші функциясын орындай отырып, толеранттылық өзінің пәндік мазмұнына ие бола алады. Зерттеудің негізгі мақсаты – тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуалдың даму ерекшеліктерін, көпэтносты қоғамдағы толеранттылық мәдениетінің рөлін және оның тұрақтылыққа ықпалын анықтау. Авторлар Қазақстандағы діни ұйымдардың қалыптасуы мен жұмыс істеу ерекшеліктеріне, көші-қон және урбанизацияның этникалық қарым-қатынастарға ықпалына терең талдау жасайды. Зерттеу сапалы контент-талдау, салыстырмалы және тарихи әдістер арқылы жүргізілді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы – толеранттылық ұғымының этноконфессиялық кеңістіктегі мағынасын жаңаша қарастыру және оны қазақстандық контексте қолдану ерекшелігін ашу. Этноконфессиялық қатынастардағы толеранттылық мәдениеттің қалыптасуы біздің көпэтникалық және көпконфессиялық қазақстандық қоғамның өзекті теориялық және практикалық мәселелеріне жатады. Негізгі нәтижелерге Қазақстанда соңғы 25 жылда конфессияаралық келісімнің қалыптасу жолдары, діни институттардың рөлі, миграциялық және урбанистік үдерістердің ықпалы жөніндегі тұжырымдар жатады. Аталған зерттеу этносаралық келісім, дінаралық диалог салаларындағы теориялық негізді толықтыра отырып, көпэтносты қоғамда тұрақтылықты сақтау үшін тиімді тәсілдерді ұсынады. Жұмыс нәтижелері ішкі саясат, қоғамдық келісім және мәдениетаралық коммуникация салаларында тәжірибелік мәнге ие.

Түйін сөздер: этноконфессиялық, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар, этносаралық қатынастар, толеранттылық, этникалық.

N. Balpanov¹, N. Tutinova^{2*}, T. Amankul³

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

²Karagandy Buketov University, Karagandy, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: nurtut29@gmail.com

Impact of globalization and modernization on ethno-confessional and inter-confessional relations in Kazakhstan

Only in interethnic and interfaith relations can tolerance acquire a concrete content, fulfilling the role of a regulatory mechanism. This article examines the impact of globalization and modernization processes on ethnoconfessional and interfaith relations in Kazakhstan. The aim of the study is to identify the features of the religious situation in the post-Soviet period, the role of a culture of tolerance in a multiethnic society, and its significance for maintaining social stability. The authors analyze the formation and activities of religious organizations, as well as the influence of migration and urbanization on ethnic and interfaith interactions. The research methodology includes content analysis, as well as comparative and historical methods. The scientific novelty of the study lies in the reinterpretation of the concept of tolerance in the context of ethnoconfessional interaction in Kazakhstan. The formation of a culture of tolerance in ethno-confessional relations is one of the current theoretical and practical issues of our multi-ethnic and multi-confessional Kazakhstani society. The main findings include conclusions about the development of interfaith harmony over the past 25 years, the role of religious institutions, and the influence of social processes on ethnoconfessional relations. The significance of the study lies in strengthening the theoretical foundations of interethnic

and interfaith dialogue. The practical value of the work is its applicability in domestic policy, public consensus, and intercultural communication.

Key words: ethno-confessional, inter-ethnic and inter-confessional relations, inter-ethnic relations, tolerance, ethnicity.

Н. Балпанов¹, Н. Тутинова^{2*}, Т. Аманкул³

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Аблай хана, Алматы, Казахстан

²Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Караганды, Казахстан

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: nurtut29@gmail.com

Влияние глобализации и модернизации на этноконфессиональные и межконфессиональные отношения в Казахстане

Лишь в межэтнических и межконфессиональных отношениях толерантность может иметь свое предметное содержание, выполняя функцию регулятора. В данной статье рассматривается влияние процессов глобализации и модернизации на этноконфессиональные и межконфессиональные отношения в Казахстане. Цель исследования – выявить особенности религиозной ситуации в постсоветский период, роль культуры толерантности в многоэтническом обществе и её значение для поддержания общественной стабильности. Авторы анализируют формирование и деятельность религиозных организаций, а также влияние миграции и урбанизации на этнические и межконфессиональные взаимодействия. Методология исследования включает контент-анализ, сравнительный и исторический методы. Научная новизна работы заключается в переосмыслении понятия толерантности в контексте этноконфессионального взаимодействия в Казахстане. Формирование культуры толерантности в этноконфессиональных отношениях является одной из актуальных теоретических и практических проблем нашего полиэтнического и поликонфессионального казахстанского общества. Основные результаты включают выводы о развитии конфессионального согласия в течение последних 25 лет, роли религиозных институтов и влиянии социальных процессов на этноконфессиональные отношения. Значимость исследования состоит в укреплении теоретических основ межэтнического и межконфессионального диалога. Практическая ценность работы заключается в её применимости для внутренней политики, общественного согласия и межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: этноконфессиональные, межэтнические и межконфессиональные отношения, межэтнические отношения, толерантность, этничность.

Кіріспе

Жаһандану үдерісінде этноконфессиялық және конфессияаралық қарым-қатынастардың маңыздылығы арта түсуде. Қоғамдағы тұрақтылықты, мемлекеттің экономикалық және саяси дербестігін, сондай-ақ мәдени-этникалық ерекшеліктерін сақтай отырып, өзара құрмет пен жауапкершілік қағидаттарына сүйенген этносаралық және дінаралық келісімді нығайту – негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Діни және этникалық факторлардың өзара байланысы екі жақты әрі қарама-қайшы сипатқа ие. Кейбір тарихи кезеңдерде конфессиялық тиесілік тек этникалық сәйкестікпен ғана шектелмей, адамдардың өмірінде маңызды орын алса, басқа кезеңдерде этникалық фактор басым рөл атқарды. Жалпыадамзат тарихында конфессияаралық және этносаралық қатығыстардың жиі орын алғанын байқауға болады, олардың көпшілігі өзара үштасып жатады. Этникалық қатығыстар кейде конфессиялық сипатқа ие

болса, керісінше, конфессиялық қатығыстар этникалық негізде ушығуы мүмкін. Мұндай қатығыстар этникалық және діни алуандығы жоғары көпұлтты мемлекеттер үшін айтарлықтай қауіп төндіреді.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуде толеранттылық басты реттеуші факторлардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда толеранттылықтың мәдени мәні – этноконфессиялық қатынастардағы моральдық-этикалық нормалар мен құндылықтар жүйесін қалыптастырудан көрінеді.

Көпұлтты және көпконфессиялы қазақстандық қоғам үшін маңызды теориялық әрі практикалық мәселелердің бірі – этноконфессиялық өзара қатынастардағы толеранттылық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Бұл құбылыс қоғамдық санамен және адамның түрлі өмірлік салаларымен тығыз байланыста дамиды. Осы екі фактордың интеграциясы этноконфессиялық факторды – әлеуметтік-мәдени феноменді

қалыптастырады. Ол белгілі бір этникалық топтың санасында белгілі бір дінмен сәйкестенуін сипаттайды және діни әрі этникалық әрекеттің бір мезгілде пайда болуын, сондай-ақ олардың өзара ықпалдастығын қамтиды.

Діни және этникалық факторлардың байланысы күрделі және қарама-қайшы сипатқа ие. Кейбір тарихи кезеңдерде діни тиесілік этникалық сәйкестіктен маңыздырақ рөл атқарса, басқа кезеңдерде этникалық фактор басымдыққа ие болды. Адамзат тарихында конфессияаралық және этносаралық қақтығыстар жиі кездескен, олар көбіне өзара ұштасып отырған. Этникалық қақтығыстар кейде конфессиялық сипатқа ие болып, керісінше, конфессиялық қақтығыстар этникалық қарама-қайшылықтарды тудыруы мүмкін. Мұндай қақтығыстар көпэтносты және көпконфессиялы халық құрамы бар мемлекеттер үшін ерекше қауіп төндіреді. Этносаралық және конфессияаралық қатынастарда толеранттылық маңызды реттеуші рөл атқарады. Осы тұрғыда толеранттылық мәдениеті этноконфессиялық қатынастардағы негізгі моральдық-этикалық нормалар мен құндылықтарды анықтайды.

Әлемдік қауымдастық үшін толеранттылық маңызды әлеуметтік феномен болып табылады. Ол қазіргі көпмәдениетті және плюралистік қоғамдарда тұрақтылыққа жетудің қажетті шарты ретінде қарастырылады. Қазіргі әлемде шамамен 3000 этникалық қауымдастық және 200-ден астам мемлекет бар. Алайда, олардың ішінде тек 20 мемлекет қана этникалық жағынан біртекті болып саналады, ал қалған елдерде этникалық әртүрлілік тән. Сондықтан қазіргі әлемде тұрақты даму мен қоғамдық келісімге ұмтылатын мемлекеттер этникалық және діни әртүрлілікті ескере отырып, толеранттылық принциптерін сақтауы қажет. Бұл – этникалық қауымдастықтардың барлық мүмкіндіктерін ескеріп, олардың әлеуметтік және саяси институттармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін, әлеуметтік-мәдени топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін қорғауға бағытталған оң қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Соңғы онжылдықта этнос пен ұлт теориясын дамытуда шетелдік зерттеушілердің еңбектері айрықша маңызға ие болды. Атап айтқанда, У. Альтерматт, Б. Андерсон, Э. Геллнер, А. Козинг, Э. Смит, С. Хантингтон, Э. Хобсбаум

және К. Хюбнер сынды ғалымдардың зерттеулері бұл бағыттың ғылыми негізін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. Ресейде XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін бірқатар ғалымдар этнос теориясы мен этносаралық қатынастар мәселелерін зерттеумен айналысып келеді. Олардың қатарында Р.Г.Абдулатипов, С.А. Арутюнов, Ю.В. Бромлей, С.И.Брук, М.Н.Губогло, Л.Н. Гумилев, Л.М.Дробужева, С.В. Лурье, А.П. Садохин, В.А.Тишков, Н.Н. Чебоксаров және басқа да зерттеушілер бар. Кейбір ғалымдардың еңбектері марксистік идеология ықпалынан толықтай арыла алмағанымен, олар ұсынған ғылыми тұжырымдар өзектілігін сақтап келеді.

Қазақстан Республикасы сияқты көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда этноконфессиоцентризм мен мақсатты құрылымдардың ықпалын жою үшін мемлекеттің этноконфессиялық қатынастардағы толеранттылық пен әлеуметтік ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігері қажет. Ынтымақтастық – ортақ мүдделерді, пікір бірлігін, өзара қолдау мен тәуелділікті, сондай-ақ ортақ жауапкершілікті білдіреді.

Классикалық әлеуметтанулық зерттеулерде ынтымақтастық әртүрлі аспектілерде қарастырылады: ол қоғамның белсенді интеграциялық үдерісінің нәтижесі (М. Вебер), тапсыз қоғамның көрсеткіші (К. Маркс, В. Ленин), еңбектің бөлінуімен байланысты құбылыс (О.Конт, Э.Дюркгейм), тұлғалардың өзара қарым-қатынасының ерекше формасы (П. Сорокин), соборлық қағидасы (славянофилдер), өзара әрекеттестіктің қалыптасқан нәтижесі (Г. Блумер, Дж.Мид) немесе әлеуметтік формаларға мән беретін фактор ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ынтымақтастық өзара түсіністікке негізделген әрекеттің басты элементі (Ю. Хабермас) немесе адам табиғатынан туындайтын биологиялық инстинкт (А. Бергсон) ретінде сипатталады. Э.Дюркгейм мен О. Конттің тұжырымдамаларына сәйкес, қоғамдағы ынтымақтастық пен әлеуметтік тәртіпті діни сенім жүйелері қамтамасыз етеді. Олар моральдық беделге ие болып, ритуалдық тәжірибелерге сүйене отырып, әлеуметтік топтар мен ұйымдардың бірігуіне ықпал етеді.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері этникалық қатынастардың әртүрлі қырларына, соның ішінде этноконфессиялық және конфессияаралық өзара әрекеттестікті талдауға арналған. Қазақстандағы этносаралық қатынас-

тарды зерттеумен айналысқан ғалымдардың қатарында Р.Б. Абсаттаров, Р.С. Арын, А. Айталы, М.А. Әбішев, Г.В. Малинин, В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская, А.Н. Нысанбаев, З.Н. Сәрсенбаев, М.М. Сужиков, К.Т. Өтелбаев, З.К. Шаукенова сынды зерттеушілерді атауға болады (Шаукенова, Морозов, Козырев, 2010: 77).

Қазақстандағы этностардың тарихы мен діни ерекшеліктері туралы жан-жақты мәліметтер Ж.У. Қыдыралинаның еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар, егемен Қазақстандағы этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеудің әртүрлі аспектілерін қарастырған және Қазақстан халқы Ассамблеясының рөліне ерекше назар аударған ғалымдар қатарында Б.Б. Абдығалиев, Л.А. Байдельдинов, О. Дымов, Р.К. Қадыржанов, К.Е. Күшербаев, Н.А. Логинова, М.Олкотт, С.Т. Сейдуманов, Е.Л. Түгжанов, Г.В. Кан, В.С. Коробкин, Н.У. Шаяхметов сынды зерттеушілер бар.

Қазақстан Республикасында толеранттылық пен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі көптеген қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Бұл тақырыпқа А.Р. Масалимова, А.Н. Нысанбаев, А.Т. Құлсариева, А.Д. Құрманалиева, Н.Ж. Байтенова, З.Н. Исмағамбетова, А.Г. Карабаева, Ш.С. Рысбекова, Т.Х. Ғабитов, Қ.А. Затов, Қ.С. Бағашаров және басқа да дінтанушылардың ғылыми мақалалары мен зерттеулері арналған. Т.Х. Ғабитов пен Қ.А. Затов «Исламдағы толеранттылық дәстүрі» атты еңбектерінде толеранттылықты адамның болмысының негізгі категорияларының бірі ретінде сипаттайды. Олар бұл ұғымның әділеттілік қағидаттарымен тығыз байланысты екенін атап өтеді. Олардың пайымдауынша, әділеттілік – қоғам мен ғарыштағы үйлесімділіктің сақталуы, ал бұл үйлесімділік бұзылған жағдайда әділетсіздікке алып келеді. Әділетсіздік, өз кезегінде, тағатсыздықты туындатады (Ғабитов, Затов, 2014).

Қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, «саяси тұрақтылық пен этноконфессиялық қатынастардың тұрақтылығы, көпұлтты халықтың мүдделерінің динамикалық тепе-теңдігі мемлекеттегі негізгі үдерістердің даму бағытын анықтайды» (Карабаева, Исмағамбетова, 2015: 2).

Толерантты қарым-қатынас белгілі бір дәрежеде сенімге негізделеді, өйткені ол мемлекетте демократияның тұрақты қызмет етуі үшін маңызды рөл атқарады. Қоғамда әртүрлі топтар өкілдеріне қатысты толеранттылықтың жетіс-

пеуі шиеленістер мен әлеуметтік тұрақсыздықтың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Америкалық әлеуметтанушылар Л. Джеймс, М. Реймонд және басқа ғалымдар «толеранттылық – кез-келген демократиялық мемлекеттің ажырамас элементі» екенін атап көрсетеді. Олардың пікірінше, толеранттылықсыз саяси бәсекелестік мүмкін емес.

Қазақстан халқының этникалық құрамы өзіндік ерекшеліктерге ие, әсіресе жергілікті тұрғындар мен әртүрлі аймақтардан қоныс аударған халықтың өзара байланысы тұрғысынан. Мәселен, 2009 жылғы халық санағының деректеріне сәйкес, қазақтар ел халқының 63,1%-ын, ал басқа этностар 36,9%-ын құрады. Ал Ресейдегі этникалық құрылым өзгеше: мұнда халықтың 80%-дан астамын орыстар құраса, басқа этностардың үлесі 20%-дан төмен. Осылайша, полиэтностық деңгей әр елдегі негізгі этникалық топтардың пайыздық арақатынасына байланысты ерекшеленеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу теориялық, тарихи және салыстармалы талдау жолымен жүргізілді. Дінді философиялық әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндірудің әдіснамалық негіздері дін саласында теориялық тұрғыдан пысықталды. Бұл әдіс мәдени, әлеуметтік және діни құндылықтардың, соның ішінде толеранттылық құндылықтарының жұмысын бағалау мен сипаттауды анықтауға және қолдануға мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Толеранттылық мәселесі және оны іске асыру этносаралық қатынастардың дамуына байланысты тек соңғы он бес жылда ғана көтерілген жоқ, керісінше, әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара қарым-қатынасында әрдайым маңызды рөл атқарып келді. Сонымен қатар, өзара құрмет, келісім және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту идеялары әрдайым қоғамның назарында болды. Бұл ұстанымдар әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени, нәсілдік, этностық және діни айырмашылықтары бар мемлекеттерде тұрақтылық пен үйлесімді дамуға ықпал етеді. Үшінші мыңжылдықтағы революциялар мен соғыстардың кері әсерін терең түсінген көптеген елдер мен саяси көшбасшылар этносаралық, дінаралық және ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу жо-

лын тандап, толеранттылықты негізгі құндылық ретінде қабылдады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету және бейбітшілікті сақтау мақсатында діни бірлестіктер, этностық қауымдастықтар, әлеуметтік және саяси институттар арасында өзара құрмет, төзімділік пен келісім қағидаларын нығайту маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қоғамды жаңғырту үдерісінде жүйелі түрде либералды саяси реформалар жүзеге асырыла бастады. Елдегі діни ахуал ар-ождан бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған саясаттың нәтижесінде діни сананың жаңаруымен сипатталады. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда діни ұйымдар санының артуы мен олардың сапалық тұрғыдан дамуы айқын байқалды.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Дін істері ұсынған Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер туралы:

Қазақстанда 18 конфессияны біріктіретін 3980 діни бірлестік тіркелген. Олардың ішінде 2832-сі исламдық, 347-сі православие, 93-і католик, 593-і протестант, 61-і Ехоба куәгерлері, 23-і Жаңа апостолдық шіркеу, 13-і Кришна санасы қоғамы, 7-і иудаизм, 6-ы бахаи, 2-і буддизм, 2-і соңғы күнгі әулиелер Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), 1-і муниттер қауымына жатады. Ел аумағында жалпы 3777 діни ғимарат бар, оның ішінде 2847 мешіт, 301 православие шіркеуі, 115 католик шіркеуі, 422 протестант ғибадат үйі, 56 Ехоба куәгерлерінің ғибадат орны, 24 Жаңа апостолдық шіркеу үйі, 6 синагога, 2 бахаи ғибадат үйі, 3 Кришна санасы қоғамының ғибадатханасы және 1 буддисттік ғибадатхана орналасқан. Қазақстанда ресми түрде 413 миссионер тіркелген, олардың 376ы шетел азаматтары, ал 37і – Қазақстан Республикасының тұрғындары. Сенімдер бойынша олардың саны келесідей бөлінеді: католиктер – 240, елуінші күн шіркеуі – 67, мормондар – 23, Кришна санасы қоғамы – 31, пресвитериандық шіркеу – 22, православтар – 16, баптистер – 6, Жаңа апостолдық шіркеу – 3, Жетінші күн адвентистері – 3, иудаизм – 2 (ҚР Діни бірлестіктері, 2024: 3).

Этноконфессиялық қатынастардың негізгі қатысушысы – этнос болып табылады. Оның өкілі этнофор деп аталып, ол этникалық ерекшеліктердің тасымалдаушысы саналады. Этноконфессиялық қауымдастықты анықтау барысында этникалық және діни сәйкестіктің тоғысу шегі ретінде Қазақстандағы тек немістерден құрал-

ған меннониттер мен лютерандық суборт мысал ретінде қарастырылады (Дик, 2014).

Қазақстанда Құрбан айт пен Рождество діни мерекелері демалыс күндері ретінде белгіленген. Республикада дәстүрлі конфессиялар (ислам мен христиандық) діни ұйымдары және елімізде бұрын болмаған дәстүрлі емес діни ағымдардың жаңа бірлестіктері бар көпконфессиялық кеңістік қалыптасты. Қазақстанда 295 православие ғибадат орны бар. Бүгінде Қазақстанда православие шіркеуіне қатысты 329 діни бірлестік ресми түрде тіркелген. Олардың қатарында республикалық деңгейдегі діни бірлестік ретінде Митрополит округі мен 9 епархия бар. Православие қауымдастықтары негізінен Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарында шоғырланған. Сонымен қатар, ел аумағында православие монастырлары да қызмет атқарады (Сұлтанов, 2009: 5).

Қазақстанда діни әртүрлілік айқын көрініс табады. Ел аумағында Рим-Католик шіркеуіне тиесілі 79 діни бірлестік қызмет етеді. Сонымен қатар, дәстүрлі және жаңадан пайда болған протестанттық шіркеулер саны 500-ге жуықтады. Бұдан бөлек, Қазақстанда 4 еврей және 2 буддистік діни қауымдастық жұмыс істейді. Алайда, елге діни экстремизмнің таралуына ықпал ететін жалған діни құрылымдардың пайда болуы белгілі бір қауіп тудырады. Бұл жағдай елдің мәдени әртүрлілігін айғақтағанымен, этносаралық және конфессиялық келіспеушіліктердің туындау ықтималдығын арттырады (Шаукенова, Морозов, Козырев, 2010: 6).

Қазақстандағы протестанттық бағыт әртүрлі конфессияларды қамтиды. Олардың ішінде тарихи тұрғыдан орныққан лютерандар, меннониттер, баптистер сияқты қауымдастықтармен қатар, XX ғасырдың 90-жылдары қалыптасқан жаңа діни қозғалыстар да бар. Оларға негізінен елуіншілер, пресвитериандар және харизматикалық шіркеулер жатады. Протестанттық қауымдастықтардың сандық өзгерістері өткен ғасырдың соңында Германия, Ресей және өзге елдерге болған ауқымды көші-қон процестерімен байланысты. Бұл жағдай, әсіресе, лютерандық, меннониттік және неміс диаспорасына тән өзге де діни бірлестіктер санының азаюына алып келді. Сонымен қатар, кейбір протестанттық қауымдастықтар көпұлтты сипатқа ие болып, олардың құрамына бұл сенім бағытына дәстүрлі түрде жатпайтын халықтар да кіре бастады.

Қазақстанда дәстүрлі емес протестанттық бағыттар, әсіресе елуіншілер, пресвитериандар мен харизматикалық қозғалыстар едәуір кең таралды. Бұл діни бірлестіктердің негізі ХХ ғасырдың 90-жылдары қаланып, олардың қалыптасу кезеңінде шетелдік миссионерлердің ықпалы зор болды. Сондай-ақ, бұл ұйымдар өз қызметінде көпұлтты аудиторияға бағытталған уағыз-насихат жұмыстарын белсенді түрде жүргізді және олардың дамуы шетелден келген материалдық қолдаудың арқасында қарқын алды. Қазақстан аумағында Жаңа апостолдық шіркеу, «Жетінші күн адвентистері», «Иегова куәгерлері» және мормондар («Иса Мәсіхтің соңғы күнгі әулиелер шіркеуі») айрықша орын алады. Бұл діни бірлестіктер протестанттық қозғалыстың қалыптасу кезеңінде пайда болғанымен, олардың сенім жүйесі мен ғибадат ету дәстүрлері өзіндік ерекшеліктерге ие. Православие мен католицизм тұрғысынан алғанда, бұл ағымдар сектанттық бағыт ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, көптеген протестанттық шіркеулер оларды өздерінің діни дәстүріне жатқызбайды, ал аталмыш діни бірлестіктердің өкілдері өздерін протестанттар қатарына енгізбейді.

Этноконфессиялық қауымдастықтар этносаралық және дінаралық байланыстардың негізгі қатысушыларының бірі болып табылады. Этникалық және діни сәйкестігі толық үйлесетін этноконфессиялық қауымдастықтарға мысал ретінде меннониттік діни топтар мен тек неміс этносына жататын лютерандық шіркеулерді атауға болады (Ипатов, 1980: 8). Қазақстандағы этноконфессиялық және дінаралық қатынастарға жаһандану айтарлықтай ықпал етуде. Қазіргі заманғы көші-қон үрдістерінің қарқын алуы жаһандану кезеңіндегі заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Тарихи тұрғыдан халықтың қоныс аударуы қайтымсыз үдеріс саналады. Қазіргі уақытта көші-қон үрдістерінің ауқымы едәуір кеңейіп, түрлі этностар әлемнің әртүрлі аймақтарында тұрақтап қалуда. Мысалы, түріктер Берлинде, марокколықтар Мадридте, үндістер Лондонда, мексикалықтар Лос-Анджелесте, ал вьетнамдықтар Гонконгта қоныстанған (Дик, 2014).

Еңбек көші-қоны (латын тілінен «migratio» – қоныс аудару) саяси тұрақтылық, экономикалық даму деңгейі және жұмыс берушілердің төлем қабілеттілігі жоғары елдерге бағытталады. Орталық Азиядағы көші-қон үшін ең тартымды аймақтардың бірі – Қазақстан Республикасы. Бұл елге тарихи отанына оралған қандастармен қа-

тар, көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай және Ресей мемлекеттерінен еңбек мигранттары тұрақты түрде қоныс аударып келеді (Аттали, 1993: 10).

Қазақстанның мигранттарды қабылдау және оларды интеграциялау мүмкіндіктері экономикалық қуаты жоғары батыс елдеріне қарағанда шектеулі. Сонымен қатар, қабылдаушы қоғамның этнодемографиялық құрылымы өзгеріске ұшырауда. Бұл үдеріс халық санының динамикасына, ұлттық құрамға, демографиялық, саяси, әлеуметтік және мәдени факторларға әсерін тигізеді. Қазақ халқы толерантты этнос ретінде танылғанымен, қазіргі уақытта мигранттарға қатысты белгілі бір деңгейде теріс көзқарастар байқалуда. Әсіресе, жасырын иммиграция, оның ішінде Қытайдан заңсыз көші-қон мәселесіне қатысты алаңдаушылық орын алуда (Садовская, 2001: 11). Мигранттар көп шоғырланған аймақтарда әлеуметтік шиеленістің артуы, сондай-ақ ксенофобияның, саяси радикализм мен экстремизмнің күшеюі қауіп туындауы мүмкін. Мұндай үдерістер этносаралық қақтығыстардың пайда болуына әсер етуі ықтимал. Қазақстандағы жаңғыру процесінің негізгі міндеттерінің бірі – урбанизацияланған қазақ қоғамын қалыптастыру болып табылады. Дегенмен, бұл үрдісті іске асыру барысында ауылдық жерлерден қоныс аударған тұрғындардың дәстүрлі көзқарастары қалалық өмір салтымен астасып, жаңа ортаға бейімделді. Соның нәтижесінде қазіргі қалалық кеңістікте «дәстүрлі» және «еуропалық» құндылықтар қатар өмір сүруде.

Жедел жаңғырудың әсері әртүрлі дүниетанымдық көзқарастардың (дәстүрліден постиндустриалдыққа дейін) ұрпақтар арасында үйлесім табуына алып келді. Жедел урбанизация және жаңа әлеуметтік салалардың қарқынды дамуы ауылдық аймақтарда қалыптасқан дәстүрлі тәжірибелердің қалалық ортаға ауысуын жеделдетті. Дәстүрлі құндылықтар, соның ішінде шежіреге мән беру, трайбализм және непотизм, қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделіп, Қазақстан Республикасының әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналууда. Ру-тайпалық байланыстар көптеген жағдайда мансаптық өсудің, экономикалық және саяси жетістікке жетудің басты «әлеуметтік лифті» ролін атқарып келеді. Бұл жағдай дәстүрлі құндылықтардан алшақтаған қалалық қазақтардың бір бөлігін және титулдық емес ұлт өкілдерін әлеуметтік-саяси процестерден шеттетуге мүмкін. Мұның ықтимал салдарының бірі – «сапалы» эмиграция, яғни өз

әлеуетін жүзеге асыра алмаған білікті мамандардың елден кетуі.

Осылайша, дәстүрлі негіздерге қайта оралу мен моноэтностық қоғам құру әрекеттері этносаралық қатынастардың күрделене түсуіне ықпал етуі мүмкін. Бұл мәселенің маңыздылығын Қазақстан Республикасының президенті де атап өткен: «Ұлт Көшбасшысы ретінде мені қазақшілік бірлікті бұзуға бағытталған күштердің пайда болуы алаңдатады. Мұндай үрдістердің ықпалында болған адамдар саналы немесе бейсаналы түрде қоғамды шежірелік бөлініске қарай ығыстырады» (Назарбаев, 2012).

Ел ішіндегі миграциялық үдерістер көбінесе реттелмеген сипатқа ие болып, мемлекеттік бақылауды қажет етеді. Ірі қалалар маңында «кедейлік кварталдарының» қалыптасуы және халықтың маргиналдандыруы урбанизацияның күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. «Ауыл – қала» және «депрессивті аймақ – дамыған аймақ» бағыттарындағы көші-қон ағындарының реттелмей ұлғаюы әлеуметтік шиеленістердің күшеюіне себеп болуы мүмкін. Осы көші-қон үдерістерін жан-жақты зерттеу, олардың негізгі тенденцияларын сараптау және болашаққа болжам жасау – этноконфессиялық қатынастардың тұрақтылығын сақтау, азаматтық келісімді нығайту және қоғамда толеранттылық мәдениетін дамыту үшін аса маңызды.

Бүгінде Қазақстанның этноконфессиялық қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін бірнеше факторларды бөліп көрсетуге болады:

- әлемдік қаржы дағдарысының салдарынан халықтың әлеуметтік жіктелуі мен поляризациясының тереңдеуі;
- этностардың егеменді мемлекеттің жаңа даму жағдайларына бейімделуіндегі қиындықтары;
- исламның саясаттандырылуы;
- дәстүрлі емес діни бірлестіктердің белсенді таралуы, діни-саяси экстремизм мен терроризмнің күшеюі, сондай-ақ олардың этникалық сипат алу үрдісі.

Көптеген мемлекеттердің тәжірибесі дәстүрлі емес діни бірлестіктердің таралуы белгілі бір алаңдаушылық тудыратынын көрсетеді. Осыған орай, кейбір елдер бұл мәселеге қатысты алдын алу шараларын қабылдап, дәстүрлі діни ұйымдардың құқықтарын қорғауға бағытталған саясат жүргізуде. Мысалы, халқының 97%-ы православие дінін ұстанатын Грекия православие шіркеуін мемлекеттік шіркеу ретінде танып, басқа діни бірлестіктердің қызметіне белгілі бір

шектеулер енгізді. Данияда мемлекеттік мәртебеге ие евангелистік-лютерандық шіркеу мемлекеттің қаржылай қолдауына ие. Ирландияда католик шіркеуі ерекше мәртебеге ие. Сонымен қатар, Германия, Испания, Норвегия, Аргентина, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдердің заңнамаларында мемлекеттік дінге қатысты түрлі деңгейдегі артықшылықтар көзделген. Қазақстандағы діни ахуал да осы жаһандық үрдістердің ықпалымен күрделеніп келеді. Дәстүрлі конфессиялар ішінде терең әрі жасырын өзгерістер байқалуда. Бұл үдерістің негізгі себептерінің бірі – дәстүрлі емес діни қозғалыстардың белсенді түрде таралуы. Мұндай жағдай тарихи қалыптасқан этноконфессиялық тепе-теңдікке ықпал етіп, конфессияаралық бәсекелестіктің күшеюіне әкелді. Сонымен қатар, кейбір конфессиялар мен діни ұйымдар дінді саясиландыруға ұмтылып, өз қызметтерін саясатпен байланыстыруда.

Дінді саясаттандырудың ең қауіпті көріністерінің бірі – діни-саяси экстремизм мен радикалды клерикализм. Соңғы жылдары республикада сунниттік исламның Ханафи мәзһабы негізіндегі дәстүрлі діни жүйесінен айырмашылығы бар ағымдар ерекше белсенділік танытуда. Бұл жағдай әсіресе ислам фундаментализмі мен радикалды идеологиялардың, соның ішінде ваххабизм сияқты ағымдардың таралуына ықпал етуде. Мұндай діни ағымдар пікір еркіндігін шектеп, діни нормаларды қатаң ұстануды талап етіп, құқықтық жүйеде шарифат заңдарын басшылыққа алу қажеттігін алға тартады. Бұл құбылыстардың тереңдеуі діни ахуалдың ушығуына және этноконфессиялық қатынастардың тұрақсыздандыруына алып келуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бұл үрдістер діни ахуалды күрделендіріп, конфессияаралық қатынастарда жағымсыз құбылыстардың жинақталуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы: «Діни экстремизмнің, соның ішінде Интернет пен әлеуметтік желілер арқылы таралуының алдын алу бойынша жұмыс жүргізу қажет. Қоғамда радикализмнің кез келген түріне, әсіресе діни саладағы көріністерге мүлдем төзеушілік қағидатын қалыптастыру маңызды», – деп атап өтті (Назарбаев, 2017).

Осылайша, жаһандану, жаңару, ішкі және сыртқы көші-қон, урбанизация сияқты процестер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мә-

дени жағдайына ықпал етіп, көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда этноконфессиялық қатынастардың толеранттылық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуды зерттеудің өзектілігін арттыруда.

Этникалық және діни құндылықтар өзара тығыз байланысты және ұлттық мәдениеттің негізгі аспектілері болып табылады. Этникалық және діни жағынан біртекті мемлекеттерде ортақ этномәдени жүйе қалыптасуы мүмкін. Алайда, Қазақстан этникалық және діни тұрғыдан алғанда әртүрлілікті сипаттайды.

Бұл факторлар еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін қалыптастыратын рәміздер, наным-сенімдер, құндылықтар мен мінез-құлық нормалары арқылы қазақстандық ұлттық мәдениеттің дамуына әсер етеді. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында этникалық және діни бірегейліктің жаңғыруы қазақ ұлттық мәдениетінің ел ішіндегі бірлікті нығайтудағы рөлін арттыруда. Осыған байланысты этноконфессиялық қатынастардағы толеранттылықтың дамуы – еліміздің тұрақтылығы, қауіпсіздігі және орнықты дамуы үшін басты аспектілердің бірі болып табылады.

Этноконфессиялық қатынастар – күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Оларды зерттеу этникалық және діни сана арасындағы өзара әрекеттестік динамикасын түсінуге, талдауға және бағалауға мүмкіндік береді. Көпұлтты қоғамдағы мәдени дамуда белгілі бір дін аясында қалыптасқан этноконфессиялық субмәдениеттер ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дін және оның институттары этникалық қауымдастықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне ықпал етіп, олардың құндылықтары арқылы халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастарды нығайтуға немесе керісінше, айырмашылықтарды тереңдетуге әсер етуі мүмкін. Діни мекемелер – мешіттер, шіркеулер және басқа да ғибадат орындары халықтың наным-сенімдерін культтік жүйеге бейімдеп, этникалық ерекшеліктер мен этникалық колоритті белгілі бір конфессия аясында қалыптастырады.

Діни институттардың көзқарастары қоғамның этникалық ортасына еніп, этникалық сипатқа ие болады. Этникалық және діни бірегейлікті айқындау – діннің мифологиялық идеялар, діни сезімдер мен культтер арқылы этникалық ерекшеліктерге бейімделуінің нәтижесі. Діни көзқарастар, салт-дәстүрлер, моральдық қағидалар мен шіркеу институттары қоғамның күнделікті өмірімен тығыз өріліп, ұлттық бірегейлік-

тің маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Бұл үдеріс рухани-ғұрыптық кешеннің жекелеген элементтерін этникалық ерекшеліктерге сәйкестендіруге ықпал етіп, белгілі бір конфессия мен этникалық топ арасындағы тұрақты байланысты нығайтады. Осындай өзара ықпалдастық этникалық қауымдастықтар мен діни конфессиялар арасында қалыптасып, бұл процесте діни ұйымдар мен мемлекет белгілі бір ұйымдастырушылық рөл атқарады.

Көптеген халықтардың көзқарасында этноконфессиялық синкретизм элементтері дәстүрлі этникалық дүниетанымды қалыптастырады. Бұл әсіресе діни ғұрыптарға негізделген дәстүрлі этникалық рәсімдерде айқын көрінеді. Адам осы жүйеге қосылғаннан кейін өмірінің әртүрлі салаларында оны ұстанып, оған бағынады. Жергілікті этникалық ерекшеліктер дінге сенушілердің тұрмыстық санасында, діни идеологияда, сондай-ақ теологтардың еңбектерінде көрініс табады. Діни жүйелер мен конфессиялардың өзара әрекеті халықтар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етеді. Этникалық қауымдастықтардың бірегейлігі мен алуан түрлілігі, сондай-ақ дін ерекшеліктері кейде «өз» құдайларына деген сенімге негізделген төзбеушіліктің конфессиялық формаларының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Қорытынды

Күрделі өзара іс-қимылға түсе отырып, этносаралық және конфессияаралық қатынастар этноконфессиялық қатынастар ретінде көрінеді. Бұл – ұлтаралық және конфессияаралық байланыстарға қарағанда анағұрлым күрделі әрі белсенді құбылыс. Орыс зерттеушісі Ю.В. Семенов бұл туралы: «Діни фактордың этникалық факторға әсері ерекше түрде соңғысының ықпалын күшейтеді және керісінше», – деп атап өткен (Семенов, 2012: 15). Осы тұрғыда этноконфессиялық қатынастар халықтың ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Оларды талдау көпэтносты қоғамдағы діни фактордың нақты рөлін анықтауға, азаматтардың этникалық және діни санасы арасындағы, сондай-ақ этномәдени және діни құндылықтар арасындағы байланыстардың даму динамикасын зерделеуге мүмкіндік береді (Семенов, 2012: 15).

Әлеуметтік, этникалық және мәдени тұрғыдан алуан түрлі көпұлтты қоғамда тұрақтылықты сақтау үшін толеранттылық мәдениетін дамыту басты шарттардың бірі болып табылады. Қоғамның әлеуметтік-саяси және рухани өмі-

рінің негізгі қағидаты ретінде толеранттылықтың барлық түсіндірмелерінде оның этникалық және конфессиялық қырлары ерекше маңызға ие. Бұл олардың әлеуметтік мазмұндағы маңыздылығын айқындайды. Әртүрлі дін өкілдеріне құрметпен қарау мен діни төзімділік қағидаттарын дамыту толеранттылықтың негізін құрайды. Бұл, ең алдымен, қақтығыстар мен келіспеушіліктердің алдын алу, сондай-ақ әртүрлі этникалық, діни, саяси және мәдени топтардың бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасау қажеттілігіне негізделген.

Қазақстандықтар үшін толеранттылық тек саяси мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі ретінде қалыптасуда. Көпэтносты және көпкон-

фессиялы қоғам жағдайында рухани тұрақтылық пен өзара түсіністік – халықты ортақ азаматтық қауымдастыққа біріктіретін және оның дамуына серпін беретін маңызды факторлардың бірі. Қазақстандағы қоғамдық келісім мен бірлікті қамтамасыз ету – елдегі тұрақтылықты нығайтуға, сондай-ақ қазақ мәдениетінің көпқырлы ерекшелігі мен бірегейлігін сақтауға ықпал етеді. Осыған орай, этносаралық және конфессияаралық келісімнің тиімді моделін қалыптастыру – Қазақстанның жаңғыру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл модель қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтып қана қоймай, елдің әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылуына ықпал ететін маңызды шарттардың бірі саналады.

Әдебиеттер

- Qazaqstan tarihy (2013). История протестантизма в Казахстане. <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13379>
- Аттали, Дж. (1993). На пороге нового тысячелетия. – М.: Международные отношения. – 37. <https://spbib.ru/ru/catalog/-/books/11221687-na-poroge-novogo-tysyacheletiya>
- Ғабитов Т.Х., Затов Қ.А. (2014). Исламдағы толеранттылық. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-gylym/islamdagy-toleranttylyq-278/>
- Дик, Йоханнес (2014). Исторические корни и соотношение конфессиональных и этнических границ в меннонитской идентичности в СССР. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-korni-i-sootnoshenie-konfessionalnyh-i-etnicheskih-granits-v-mennonitskoy-identichnosti-v-sssr/viewer>
- Заң (2011). Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктері туралы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/141?lang=kk>
- Ипатов, А.Н. (1980). Этноконфессиональная общность как социальное явление (Проблемы взаимодействия религии и этнической принадлежности): диссертация доктора философских наук. – М. – 205. <https://cyberleninka.ru/article/n/kazahstanskaya-model-etnokonfessionalnogo-soglasiya>
- Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н. (2015). Роль духовно-нравственных факторов в формировании толерантности // Материалы республиканской научно-теоретической конференции в рамках фундаментальных научно-исследовательских проектов «Толерантность и солидарность как основы межнационального общения в контексте модернизации казахского общества», «Традиции толерантности в исламе» и «Модернизация духовного секуляризма в казахском обществе» // Сборник научных статей: под ред. Масалимовой А.Р., Исмагамбетовой З.Н., Карабаевой А.Г. – Алматы, «Qazaq universiteti». – 271.
- Назарбаев, Н.А. (2012). Послание Президента народу Казахстана. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g
- Назарбаев, Н.А. (2017). Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-31-yanvarya-2017-g
- Садовская, Е.Ю. (2001). Миграция в Казахстан на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. – Алматы: Фалым. – 260. https://openlibrary.org/books/OL15577163M/Migratsiia_v_Kazakhstane_na_rubezhe_XXI_veka
- Семенов, И.В. (2012). Этноконфессиональные отношения как объект исследования // Ежегодник финно-угроведения. <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokonfessionalnye-otnosheniya-kak-obekt-issledovaniya>. – 72-78.
- Султанов, Б.К. ред. (2009). Казахстанский опыт межэтнического и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК.
- Шаукенова З.К., Морозов А.А., Козырев Т.А. (2010). Межнациональные и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан (по результатам социологического исследования): научные издание. – Алматы: КИСИ. – 90. <http://www.kisi.kz/index.php/ru/biblioteka/izdaniya/1444-21-mezhnatsionalnye-i-mezhkonfessionalnye-otnosheniya-v-respublike-kazakhstan-po-rezultatam-sotsiologicheskogo-issledovaniya-nauchnoe-izdanie-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2010-90-s>

References

- Attali, J. (1993). Na poroge novogo tysyacheletiya [On the threshold of the new millennium]. – Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniya. – 37. <https://spbib.ru/ru/catalog/-/books/11221687-na-poroge-novogo-tysyacheletiya> (in Russian)
- Dik, Iohannes (2014). Istoricheskie korni i sootnoshenie konfessionalnyh i etnicheskikh granis v mennonitskoi identichnosti v SSSR [Historical roots and the relationship between confessional and ethnic boundaries in Mennonite identity in the USSR]. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskie-korni-i-sootnoshenie-konfessionalnyh-i-etnicheskikh-granits-v-mennonitskoy-identichnosti-v-sssr/viewer> (in Russian)
- Gabitov T.Kh., Zatov Q.A. (2014). Islamdagy tolerantilyq [Tolerance in Islam]. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-gylym/islamdagy-tolerantilyq-278/> (in Kazakh)
- Ipatov, A.N. (1980). Etnokonfessionalnaya obshechnost' kak sotsial'noe yavlenie (Problemy vzaimodeistviya religii i etnosa): dissertatsiya doktora filosofskikh nauk [Ethno-confessional community as a social phenomenon (Problems of interaction between religion and ethnicity): dissertation of a doctor of philosophical sciences]. – Moscow. – 205. <https://cyberleninka.ru/article/n/kazahstanskaya-model-etnokonfessionalnogo-soglasia> (in Russian)
- Karabaeva A.G., Ismagambetova Z.N. (2015). Röl duhovno-nravstvennykh faktorov v formirovaniі tolerantnosti // Materialy Respublikanskoi nauchno-teoreticheskoi konferensii v ramkah fundamentalnykh nauchno-issledovatel'skikh proektov «Tolerantnost i solidarnost kak osnovy mejkulturnoi komunikatsii v kontekste modernizatsii kazahstanskogo obshchestva», «Traditsia tolerantnosti v islama» i «Modernizatsia duhovnykh senostei kazahstanskogo obshchestva» // Sb. nauch. st.: pod obsh. red. Masalimovoi A.R., Ismagambetovoi Z.N., Karabaevoi A.G. [The role of spiritual and moral factors in the formation of tolerance // Materials of the republican scientific and theoretical conference within the framework of fundamental research projects “Tolerance and solidarity as the basis for interethnic communication in the context of modernization of Kazakh society”, “Traditions of tolerance in Islam” and “Modernization of spiritual secularism in Kazakh society” // Collection of scientific articles: edited by Masalimova A.R., Ismagambetova Z.N., Karabaeva A.G.] – Almaty: “Qazaq universiteti”. – 271. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/24676/1/9/0/> (in Russian)
- Law (2011). About religious associations of the Republic of Kazakhstan. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/141?lang=kk>. (in Kazakh)
- Nazarbayev, N.A. (2012). Poslanie Prezidenta narodu Kazakhstana [Message of the President to the people of Kazakhstan]. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbayeva-narodu-kazahstana-14-dekabrya-2012-g (in Russian)
- Nazarbayev, N.A. (2017). Tretya modernizatsiya Kazakhstana: global'naya konkurentosposobnost' [The Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness]. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbayeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-2017-g (in Russian)
- Qazaqstan tarihy (2013). Istoriya protestantizma v Kazakhstane [History of Protestantism in Kazakhstan]. <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13379> (in Russian)
- Sadovskaya, E.Y. (2001). Migratsiya v Kazakhstane na rubezhe XXI veka: osnovnye tendentsii i perspektivy [Migration to Kazakhstan at the Turn of the 21st Century: Main Trends and Prospects]. – Almaty: Faly'm. – 260. https://openlibrary.org/books/OL15577163M/Migratsiia_v_Kazakhstane_na_rubezhe_XXI_veka (in Russian)
- Semenov, Y.V. (2012). Etnokonfessional'nye otnosheniya kak ob'ekt issledovaniya. Ezhegodnik finno-ugorskikh issledovaniy [Ethnoconfessional relations as an object of research. Yearbook of Finno-Ugric studies]. – 72-78. <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokonfessionalnye-otnosheniya-kak-obekt-issledovaniya> (in Russian)
- Shaukenova Z.K., Morozov A.A., Kozyrev T.A. (2010). Mezhnatsional'nye i mezkhkonfessional'nye otnosheniya v Respublike Kazakhstan (po rezul'tatam sociologicheskogo issledovaniya): Nauchnoye izdanie [Interethnic and interfaith relations in the Republic of Kazakhstan (according to the results of sociological research): Scientific publication]. – Almaty: KISI. – 90. <http://www.kisi.kz/index.php/ru/biblioteka/izdaniya/1444-21-mezhnatsionalnye-i-mezkhkonfessionalnye-otnosheniya-v-respublike-kazahstan-po-rezultatam-sotsiologicheskogo-issledovaniya-nauchnoye-izdanie-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2010-90-s> (in Russian)
- Sultanov, B.K. ed. (2009). Kazahstanskii opyt mezhetnicheskogo i mezkhkonfessionalnogo soglasia: predlozheniya dlya OBSE: materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii [Kazakhstan's experience of interethnic and interfaith harmony: proposals for the OSCE: materials of the international scientific and practical conference]. – Almaty: KISI pri Prezidente RK. – 40. <http://www.kisi.kz/index.php/ru/biblioteka/izdaniya/904-2-kazahstansko-rossijskie-otnosheniya-sostoyanie-i-perspektivy-materialy-mezhdunarodnoj-nauchnoj-konferentsii-g-almaty-22-sentyabrya-2008-g-otv-red-b-k-sultanov-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2009-160-s> (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Балпанов Нұрлан Мұхаметқалиұлы – PhD, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: nurlan_balpanov@mail.ru).

Түтінова Нұрғұл Ерқанатқызы (корреспондент-автор) – PhD, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры (Қарағанды, Қазақстан, nurtut29@gmail.com).

Аманқұл Темур Оралбайұлы – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: amankul_2007temur@mail.ru).

Information about authors:

Balpanov Nurlan Mukhametkaliuly – PhD, Senior Lecturer at Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurlan_balpanov@mail.ru).

Tutinova Nurgul Erkanatkyzy (corresponding author) – PhD, Associate Professor of Karagandy Buketov University (Karagandy, Kazakhstan, nurtut29@gmail.com).

